

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ**

Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі

Қолжазба құқығында

Боранбаев Ерлан Избасарұлы

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРГЕ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ»**

«7M041-Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04119 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы

Мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба
(зерттеу)

Ғылыми жетекші _____ Д.К. Қасымова т.ғ.к., профессор

Жоба қорғауға жіберілді: 2024 жылғы «_____» _____

Мемлекеттік саясаттың ұлттық
мектебінің директоры _____ Т.Ж. Жақиянов, ә.ғ.к.

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 ТАРАУ. КӘСІПКЕРЛІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕСІ.....	7
1.1. Кәсіпкерлікті мемлекеттік басқару және қолдау жүйесінің теориясы	
1.2. Кәсіпкерліктің халықаралық тәжірибесі	
2 ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН РӨЛІ..	19
2.1. Кәсіпкерліктің жағдайы мен дамуы	
2.2. Астанада шағын және орта бизнесті дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына талдау жасау	
ҚОРЫТЫНДЫ.....	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	41
ҚОСЫМШАЛАР.....	43

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Қазақстан 2050» стратегиясы;

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ;

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы;

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысы;

«Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 қазандағы № 250 қаулысы;

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №820 және «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1060 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 64 және 17 ақпандағы №139 қаулылары.

Белгілеулер мен қысқартулар

АӘК	—	Атаулы әлеуметтік көмек
АҚ	—	Акционерлік қоғам
АҚШ	—	Америка құрама штаттары
АЕК	—	Айлық есептік көрсеткіш
ҚР СЖРА ҰСБ	—	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросы
ЖІӨ	—	Жалпы ішкі өнім
ЖОЖС	—	Жылдық орташа жұмысшылар саны
ЖӨӨ	—	Жалпы өңірлік өнім
ЖОТ	—	Жылдық орташа табыс
ЖШС	—	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖК	—	Жеке кәсіпкер
ЗТ	—	Заңды тұлға
МК	—	Микро кәсіпкерлік
ҚБ	—	Қоғамдық бірлестік
ҚҚ	—	Қайырымдылық қоры
ШОБ	—	Шағын және орта бизнес
ИКДБ	—	Инвестициялар және кәсіпкерлікті Дамыту басқармасы
ҰКП	—	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
КҚКО	—	Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бәсекеге қабілетті экономика дамыған бизнес ортада мүмкін және тиімді. Шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) кез келген елдің, оның ішінде жекелеген өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуында шешуші рөл атқарады.

Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қалыптастыру бағытындағы шараларды ШОБ-тың қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Мемлекет тарапынан жеке кәсіпкерлікті реттеу және сүйемелдеу құралдары ішінара қайта қарастырылып, оңтайландыру жылдан-жылға жалғасуда. Нәтижесінде экономикадағы ШОБ-тың әлеуеті артуда. ШОБ кей елдерде жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі-ЖІӨ) 50-60 пайызына дейінгі үлесін иеленетінін ескерсек, бізге де мәселен, қазіргі таңда ШОБ-тың ЖІӨ-нің үлесі 36,5%-ке дейін өсті[1].

Жаһандық кәсіпкерлік монитормы (Global Enterpreneurship Monitor. GEM) 1999 жылы дамыған 10 елден басталып, 2014 жылға қарай 70-тен аса экономика мен 100-ден аса елдерді қамтыды.

2013 жылы әлем халқының 75%-ын және әлемдік ЖІӨ-нің 90%-ын құрайтын 70-тен астам экономика адамдарына сауалнама жүргізді.

GEM деректері бойынша 250 млн адамның ерте кезеңдегі кәсіпкерлік қызметке тартылғанын көрсетті. Олардың ішінен шамамен 63 миллион адам бес жыл ішінде кемінде бес қызметкерді жалдамақ, ал олардың 27 миллионы бес жыл ішінде 20 немесе одан да көп қызметкер жалдауға болжам жасап отыр.[2].

Осыған орай, Қазақстан Республикасының экономикасындағы ШОБ-тың қосатын үлесін әлемдік деңгейге жеткізу мен әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің біріне айналу жолындағы перспективті жоспарының бастамасы ретінде 2018 жылы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары бекітілді. Жоспардың басымдықтарының бірі кәсіпкерлердің экономикалық белсенділігін ынталандыруға және дамытуға, жеке меншік пен бәсекелестікті тиімді қорғауға бағытталған кәсіпкерлікті дамытудың «жаңа күн тәртібі». Негізгі нәтиже бәсекеге қабілетті отандық кәсіпорындарды қалыптастыру болатын.

Бұдан басқа, 2022 жылы Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Бұл құжатта алға қойған мақсаттарға жету үшін алғышарттар, болжамды көрсеткіштер, жүзеге асырылуы қажет шаралар көрсетілген.

Аталған әлемдік деңгейдегі көрсеткіштерге жету жолында халықаралық тәжірибеге сүйену және үйрену өте маңызды.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде шағын және орта кәсіпкерлік экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күші болуға тиіс екенін атап өтті. Сонымен бірге, Президент ШОБ-тің жекелеген өңірлерде жүйесіз дамып келе жатқанын сондай-ақ, Президент шағын және орта кәсіпкерліктің

бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ШОБ-ты қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеу қажеттігін назарға салған болатын [3].

Жобаның мақсаты. Бұл зерттеудің мақсаты Астана қаласындағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру болып табылады.

Аталған мақсатқа сәйкес зерттеудің келесі міндеттері анықталды:

1) Кәсіпкерлікті дамыту бойынша тиімді халықаралық тәжірибемен танысу;

2) Кәсіпкерлік саласындағы дамыту институтының ақпараты, статистикалық мәліметтердің негізінде талдау жасау;

3) Астана қаласының мысалында кәсіпкерліктің қазіргі жай-күйін зерттеу;

4) зерттеулер нәтижесінде қолданыстағы қолдау тетігін жетілдіру бойынша ұсыным әзірлеу.

Зерттеудің объектісі – Астана қаласындағы кәсіпкерлік болып табылады.

Зерттеу пәні – кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қолдау тетігі болып табылады.

Зерттеу әдістері. Тақырып аясында зерттеу барысында салыстырмалы талдау, сауалнама, экономикалық-статистикалық талдау, құжаттарды талдау әдістері қолданылады.

Практикалық маңыздылығы. Зерттелген тақырып шеңберінде әзірленген кәсіпкерлікті дамыту тетігін жетілдіру шеңберінде ұсынымдар мемлекеттік органдарда қолданылуы мүмкін.

Магистрлік жобаның құрылымы мен көлемі: Магистрлік жоба кіріспе, кәсіпкерлікті қолдау жүйесінің теориясы, зерттеу әдістері, талдау, зерттеу нәтижелері, қорытынды және дереккөз тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі -40 бет. Пайдаланылған дереккөздерінің тізіміне 27 әдебиеттер және ақпараттық сайттардың атаулары кіреді. Магистрлік жоба 14 сурет және 5 кестемен безендірілген.

Апробация: «Қазақстанда мемлекеттік-жекешелік әріптестік қарым-қатынастарын дамытудың кейбір мәселелері» атты мақала 2024 жылы ақпан айында ISSN 3006-1636 №3 «Ғылым және білім интеграциясы» «Janadel» халықаралық ғылым, білім және заң орталығы электрондық журналында жарияланды [4].

1. Кәсіпкерлікті зерттеудің, мемлекеттік қолдаудың теориясы және тәжірбиесі

1.1. Кәсіпкерлікті мемлекеттік басқару және қолдау жүйесінің теориясы

Кәсіпкерлік француз тіліндегі *entreprendre* – «әрекет жасау» немесе «әрекеттенуші» сөзінен пайда болған. Кәсіпкер бинесті ұйымдастырады, басқарады және осы бағытта әрекет етеді. Азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады [5].

Кәсіпкерлік ұғымын ең алғаш рет 1725 жылы экономист және кәсіпкер Ричард Кэтильон өзінің ең танымал және маңызды жұмысы - «*Essai sur la Nature du Commerce en Général*» яғни "қоғамдағы сауда қызметінің табиғаты туралы Эссе" атты еңбегінде пайдаланған. Бұл эссе экономикалық теориядағы алғашқы маңызды еңбектердің бірі және қазіргі саяси экономиканың ізашары болып саналады. Ол кәсіпкерді өндіріс пен айырбастау процесінде экономикалық шешімдер мен тәуекелдерді қабылдайтын адам ретінде сипаттады [6].

XX ғасыр экономисі Джозеф Шумпетер, ол кәсіпкерлік теориясы аясында «Шығармашылық жойылу» тұжырымдамасын ұсынды. Ол кәсіпкерлер жаңа идеяларды, технологияларды және процестерді енгізу қабілетінің арқасында экономикалық дамудың қозғаушы күші болып табылады, нәтижесінде ескі құрылымдар жойылып, жаңалары пайда болады деп сендірді. Қазақстанда бұл кәсіпкерлікті дамыту қолайлы инновациялық орта құрумен, инновациялық идеяларды қолдаумен және жаңа кәсіпорындар құру үшін кедергілерді жоюмен байланысты болуы тиіс дегенді білдіруі мүмкін [7].

Ф. Кенэ, Н. Бодо, А. Смит, Дж.Б. Сэй сияқты ғалымдардың кәсіпкерлік теориясының дамуына қосқан үлесін елемей мүмкін емес. Бұл зерттеушілердің әрқайсысы «кәсіпкер» және «кәсіпкерлік» ұғымдарына өз көзқарасын дамытып, бұл қызмет түрін экономикада бірінші немесе қайталама рөлге тағайындады.

Сонымен қатар кәсіпкерлікті табысты басқарудың негізгі элементі ретінде қарастырған американдық ғалым-экономист және менеджер Питер Друкерді атауға болады. Оның ұйымдық басқарудағы жұмысы бизнестегі кәсіпкерлік аспектілерді түсінуге айтарлықтай үлес қосты.

Pizza Hut Inc. негізін қалаушылардың бірі Фрэнк Карни кәсіпкерлерді «америкалық өндірістік жүйенің өргетасы және экономикалық жағдай үшін өздігінен жаңарып отыратын агенттер» деп сипаттады.

Кәсіпкерлер – шынайы құштарлыққа бейім, табанды, еңбекқор адамдар. Олар – шыныаяқ жартылай бос емес, жартылай шыныаяқ толы деп

есептейтін оптимистер. Олар біртұтастыққа ұмтылады, бәсекелесінен асып түсуді ойлайды. Олар сәтсіздікті үйрену құралы ретінде пайдаланады[8]

Дональд Ф. Куратконың «Кәсіпкерлік теория, процесс, практика» деген еңбегінде кәсіпкерлік-жаңа идеялар мен креатив шешімдерді жасау мен іске асыру үшін энергия мен күштарлықты жұмылдыруды талап ететін мұрат, өзгеріс және жасампаздықтың динамикалық процесі. Инновация мен жаңа кәсіпорын құрудың бұл процесі төрт маңызды-жеке, ұйымдастырушылық, орта, процестер бойынша және үкімет, білім беру жүйесі мен институттар бірлескен нетуорк ортақ қызығушылығы бар адамдар тобы арасындағы қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік ойдың барлық макро және микропозициялары бүгінгі экономикада іске асыруда бәсекеге қабілетті нарықтық идеяларға айналуы ықтимал мүмкіндіктерді тану және игеру кезінде ескерілуі керек делінген.

Кәсіпкер-мүмкіндіктерді тани білетін және игере алатын инноватор немесе әзірлеуші; бұл мүмкіндіктерді ол жұмыс істейтін нарықтандырылған идеяларға айналдырады; уақыт, әрекет, ақша немесе дағдылар арқылы құндылық қосады; бәсекеге қабілетті нарықтың тәуекелдерін осы идеяларды жүзеге асыру үшін қабылдайды. Кәсіпкер-кәсіпкерлік процесті жүргізу кезінде мақсатты ізденістерді, мұқият жоспарлауды және дұрыс шешім қабылдауды қолданатын экономикалық өзгерістердің қозғаушы күші. Кәсіпкер- бірден-бір оптимист және өз ісіне берілген- жаңа ресурстарды қалыптастыруда немесе ескі ресурстарды жаңа өнімділікпен қамтамасыз етуде креативпен жұмыс атқарады және осының барлығын дәулетін мақсатынды істейді деген. [9]

Өз кезегінде Ресейдің ғалымы Экономика ғылымдарының докторы Феликс Шамхалов Ресейдегі кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы еңбегінде мемлекеттің міндеттерінің бірі - халықтың кәсіпкерлік қызметке оң көзқарасын қалыптастыру деген. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау-бұл экономикалық және құқықтық жағдайларды, бизнесті дамытуға ынталандыруды, сондай-ақ оған материалдық және қаржылық ресурстарды жеңілдетілген шарттармен инвестициялауды саналы түрде құру.

Бұл мақсаттарға, егер мемлекет қоғамдық санадағы өзгерістерді ынталандырса, оны орта таптың өмірлік мүдделері мен құндылықтарына бағыттаса, халықтың әртүрлі топтары мен топтарының кәсіпкерлік қызметке оң көзқарасын қалыптастырса, өнімдер мен қызметтерге деген қажеттілікті қанағаттандыру көзі ретінде ғана емес, сонымен бірге мүмкін болатын өмір жолы ретінде де қол жеткізіледі. Азаматтарға кәсіпкер болу немесе қызметкер болып қалу, өндіріске қаражат салу немесе оларды жеке тұтыну үшін пайдалану туралы саналы таңдау жасауға көмектесу қажет.

Әлеуметтік жауапкершілік пен іскерлік этика қағидаттарына сүйене отырып, кәсіпкерлердің позитивті сана-сезімін дамытудың маңызы зор. Бұл жағдайда ғана кәсіпкерлер мемлекеттің тірегі және азаматтық қоғамның ажырамас элементі бола алатын ерекше ортақ мүдделері бар тәуелсіз әлеуметтік белсенді топқа айнала алады[10].

Кәсіпкерлікті дамыту мәселесі егжей-тегжейлі зерттелді, оны зерттеуге отандық және шетелдік авторлардың көптеген еңбектері арналған. Сонымен

қатар, оны одан әрі жетілдірудің тәсілдері мен тетіктерін әзірлеу үшін белгілі бір қаланың мысалында мемлекеттік қолдауды зерттеу назар аударуды қажет етеді.

Жұмыста қойылған міндеттерді шешу үшін таңдалған тақырып бойынша сапалық әдіс ретінде ең бірінші кәсіпкерліктің шығу тегі мен халықаралық тәжірибемен танысып, табылған ақпарат зерделенді. Жобада көтерілген мәселе дамыған елдерде жүйелі түрде шешіліп, даму жолына тұрғызылған. Әлем елдеріндегі кәсіпкерліктің даму жағдайы мен оның қалыптасу тарихына толықтай тоқталу мүмкін емес, сол себепті халықаралық тәжірибені американдық, Қытай және жуырда академия тарапынан тағылымдамаға барып көзбен көрген Литва мемлекетінің тәжірибесі қарастырылады.

Сондай-ақ кәсіпкерлік тақырыбын толық ашу үшін сандық деректер негізінде ұлттық статистика бюросының мәліметтері кең қолданылды. Бұдан басқа, сандық және сапалық деректерді бірге қамтитын шағын және орта кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізілді. Кәсіпкерлердің ішінде 100-ге жуық Астана қаласының кәсіпкерлерінің жеке жауаптарына сүйене отырып жасалған сауалнама нәтижесінде есептік-конструктивтік әдісті қолдана отырып, салыстырулар жүргізілген.

Сонымен қатар бірнеше мүмкіндіктің ішінен ең жақсы нұсқаны бағалау және таңдау құралы - альтернативті шешімдер матрицасы 1-қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

1.2. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың шетелдік тәжірибесі

ШОБ-ты дамыту тақырыбы Қазақстандағы қолданыстағы экономиканы жаңғырту жағдайында өте өзекті болып табылады. ШОБ кез келген елде маңызды рөл атқарады: ол халықты жұмыспен қамтамасыз етеді, салауатты бәсекелестікті тудырады, нарықты жаңа тауарлар мен қызметтермен қанықтырады және ірі кәсіпорындардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтеріне сәйкес әлемде экономиканы қалпына келтіруде микро, шағын және орта кәсіпорындар шешуші рөл атқарады, олар кәсіпорындардың шамамен 90%-ын құрайды. Бұл санаттардағы кәсіпорындар жұмыс орындарының -60%, 70%-ын қамтамасыз етіп, әлемдік жалпы ішкі өнімнің 50%-ын қалыптастырады.[11]

Отандық ғалымдар мен зерттеушілер елдегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша көптеген жұмыстар жазып, оны жаңғырту бойынша түрлі шаралар ұсынды. Бірақ айта кету керек, Қазақстандағы ШОБ-тің даму деңгейі экономикалық дамыған елдерден әлі де артта қалып отыр. Осыған байланысты шет елдердегі ШОБ-тің жағдайы және оны талдау өте пайдалы болар еді.

Doing Business (бизнес жүргізу) Дүниежүзілік Банктің сарапшылар тобы жыл сайын әлемнің 190 елінде бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайлары бойынша зерттеулер жүргізеді. Талдау 10 индикатор бойынша жүргізіледі. Талдау нәтижесі ағылшын тіліндегі "The Quarterly Journal of Economics"

экономикалық ғылыми журналында жарияланады. 2020 жылғы талдауға сәйкес 190 елдің ішінде Қазақстан 25 орынға ие болды.[12] .

1-суретке сәйкес Қазақстанның бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайлары бойынша әрқайсысының салмағы бірдей 10 индикатордың орташа көрсеткішін көруге болады.



1-сурет-Қазақстанның бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайлары бойынша 10 индикатордың орташа көрсеткіші.

Ескертпе – [12] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Жоғарыдағы көрсеткішке сәйкес Қазақстан мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылын жақсарту бойынша жүйелі жұмыс жасаудың арқасында жоғары нәтижеге қол жеткізгендігін байқауға болады.

Бұдан әрі Doing Business-тің бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайлары бойынша талдауына сәйкес 190 елдің ішінде 6 орынға ие болған АҚШ-ры мен 11 орынға ие болған Литва мемлекеті және 15 орынға ие болған Қытай мемлекеттерін қарайтын боламыз.

АҚШ - тағы шағын және орта бизнес

Американдық заңнамаға сәйкес, ШОБ-тің санатына 500 адамнан аспайтын шаруашылық субъектілері жатады. АҚШ тағы барлық шағын және орта бизнес 3 санатқа бөлінеді:

- 1) микро кәсіпорындар қызметкерлер саны 20 адамға дейінгі фирмалар;
- 2) шағын кәсіпорындар - 20-дан 100 адамға дейін;
- 3) орта кәсіпорындар — 100-ден 499 адамға дейін.

АҚШ - тағы ШОБ-тің өзінің дамуын Ұлы Депрессия дәуірінде бастады, сондықтан оның деңгейі тұрақты жоғары болып қала береді. Қазіргі уақытта

АҚШ-та жалдамалы жұмысшылар саны 500 адамға дейін 7 млн. кәсіпорын бар, оның ішінде 6 млн. кәсіпорынға 20 адамға дейін жұмыс істейді. Бұдан басқа, 18,3 млн. жеке ауыл шаруашылығы емес кәсіпорындар жұмыс істейді.

Елде жыл сайын 600 мыңға жуық шағын кәсіпорын тіркеледі және 500 мыңға жуық кәсіпорын жойылады, алайда бұл қорқынышты емес, өйткені шағын және орта кәсіпорындардың иелері сұраныс динамикасына өте сезімтал және икемді жауап береді. Басқа салада немесе басқа жерде олардың істері жақсы болатынын түсінгеннен кейін, олар ескі бизнестерін қысқартып, жаңасын ашады. Америкалықтар бұл тұрғыда өте бейімделгіш және тез қалпына келтіруді біледі. Тіпті олардың бизнесі өртеніп кетсе де, олар ынта-жігерін жоғалтпайды және ескі бизнестің аяқталуын жаңасының басы деп санайды. Бұл психологиялық құбылыс бүкіл американдық бизнестің өміршеңдігінің қайнар көздеріне негізделген деп ойлайды [13].

АҚШ-тағы ШОБ түрлі салаларда: өндірісте, саудада, қаржы секторында, әлеуметтік қызметтер саласында, сондай-ақ инновациялар саласында жұмыс істейді. АҚШ - тағы шағын бизнес саны тұрақты түрде өсіп келеді. Осылайша, 1980 жылдан 2006 жылға дейінгі кезеңде олардың саны 13-тен 26 миллион бірлікке дейін өсті, яғни 2 есе. Бүгінгі таңда АҚШ-та жұмыс орындарының үштен екісін ШОБ-тің санаттарына жататын құрылымдар мен компаниялар құрады.

ШОБ-тің ғылымды дамытуға және жаңа өнімді игеруге қосқан үлесі айтарлықтай: АҚШ-тағы ашылулар мен өнертабыстардың негізгі бөлігі шағын және орта мамандандырылған фирмалардың үлесіне тиеді. Ұшақтар, тікұшақтар, кондиционерлер, дербес компьютерлер және басқа да көптеген өнімдер өндірісін игеру шағын және орта кәсіпорындарда басталды.

АҚШ - тағы ШОБ-ті мемлекеттік қолдау да маңызды.

Дәстүрлі түрде «капитализмнің тірегі» деп саналатын елдегі ШОБ-ті қолдау принципі мен философиясы бүгін де, кеше де, тіпті 1953 жылы да пайда болған жоқ, ол кезде АҚШ-та шағын бизнес әкімшілігі ресми түрде құрылды, бірақ әлдеқайда ертерек — Ұлы депрессия мен екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қалыптасты [14].

Кейбір елдерде әлі дами бастаған федералды бағдарламалар АҚШ-та 1932 жылдан басталады. Осы уақытта Ұлы депрессиядан кейін мемлекет соғыстан зардап шеккен ШОБ-ті субсидиялай бастады. Сол кезде бұл АҚШ-та жұмыс орындарын құруды қамтамасыз еткен шағын бизнес болды, бұл маңызды әлеуметтік маңыздылыққа баса назар аударды.

1942 жылы шағын бизнес туралы Заң қабылданды. 1953 жылы АҚШ — та федералды агенттік-АҚШ-тағы шағын бизнес әкімшілігі (ШБӨ) құрылды, ол бүгінгі күнге дейін үкіметтік деңгейде шағын бизнестің мүдделерін қолдайды және қорғайды. Бұл ұйымға кәсіпкерлерге қаржылық және консультациялық қолдау көрсету, мемлекеттік тапсырыстарды алу және ірі кәсіпорындармен келісімшарттар жасасу міндеті жүктелген.

Сонымен қатар, ШБӨ филиалдары барлық ірі қалаларда орналасқан, сондықтан ШОБ-ті қолдау саясаты барлық Штаттарға қолданылады. ШБӨ негізгі міндеттері:

- несие алуға көмектесу және бизнеске несие бойынша кепілдіктер беру;
- жеке бюджет қаражаты есебінен ШОБ-ті тікелей субсидиялау және кредиттеу.
 - бизнесті техникалық және ақпараттық қолдау;
 - федералды үкіметтің маңызды міндеті-бәсекелестік ортаны сақтау және дамыту, бұл өндіріс шығындарын азайту механизмі арқылы өндірушілерді тиімді технологияларды қолдануға көшуге итермелейді.

Төтенше жағдайлар кезінде (дүлей зілзалалар, әлеуметтік тәртіпсіздіктер, террористік актілер) шағын бизнеске қаржылай жәрдемдесу бағдарламасы және шағын кәсіпорындар жүзеге асыратын құрылыс мердігерлерін жалға алу мен сақтандыруға мемлекеттік кепілдік беру бағдарламасы ерекше орын алады.

АҚШ-тағы шағын бизнеске арнайы салық жеңілдіктері қолданылады, мысалы, салық салық салынатын соманың жартысынан емес, бәрінен төленетін «бірінші жылдық бонус». Федералды салықтардың абсолютті және салыстырмалы мөлшерін азайту шағын бизнесті дамытуға ықпал етеді, шағын бизнесті құруды ынталандырады, олардың американдық экономикадағы позицияларын күшейтеді, демек, жаңа жұмыс орындарының санын көбейтеді.

Сонымен қатар АҚШ-да дарынды кәсіпкерлерді тарту оларды елде сақтау үшін ынталандырушы жағдайлар мен мемлекеттік қолдау жасау үшін маңызды жұмыстар атқарылуда. Бұл бағытта олардың «Дарындылар үшін» бағдарламасы жақсы жұмыс жасайды. Онда үміткер мемлекет үшін өзінің болжамды пайдасын құжаттайтын болса, АҚШ азаматтығын ресімдеудің жеңілдетілген тәртібі қарастырылған. Осылайша, АҚШ интеллектуалды дамыған жер халқының елге келуін ынталандырады. Бір сөзбен айтқанда «brain gain» (зияткерлік капиталдың өсуіне жағдай жасау) процесі жүзеге асып жатыр. Сол арқылы елдің экономикалық көрсеткіштеріне әсер етеді.

Жоғарыда жазылғандардан көріп отырғанымыздай, АҚШ-тағы ШОБ-ке мемлекеттік қолдау өте жоғары деңгейде екені көрінеді.

Қытай мемлекетіндегі шағын және орта бизнес

Қазіргі уақытта шағын бизнес тез дамып келе жатқан қытай экономикасының негізгі даму күштерінің бірі болып табылады. Шағын бизнес Қытай экономикасындағы кәсіпорындардың жалпы санының үлкен үлесін алады. Халықтың шамамен 60% - ы шағын кәсіпкерлікпен айналысады

Қытайда ШОБ қызметкерлер санына, операциялық кіріске және активтер мөлшеріне байланысты микро, шағын және орта бизнеске бөлінеді. Сонымен қатар, әртүрлі салалардың әртүрлі сипаттамалары болғандықтан, критерийлер әртүрлі. 2-суретте 2018 жылғы ШОБ құрылымы көрсетілген. Микро және шағын бизнестің саны орта кәсіпорындардың санынан әлдеқайда көп екенін көруге болады[15].



2-сурет- Қытайдағы шағын және орта бизнестің үлесі

Ескертпе – [15] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Қытай Үкіметі ШОБ-тың экономикалық мәртебесін анықтағаннан кейін, қытайлық ШОБ 2000 жылдан бастап қарқынды даму кезеңіне өтті. ШОБ саны тез өсті. Яғни, 2003 жылы мемлекет белгілеген шкаладан 163 000 өнеркәсіптік ШОБ ғана болса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 334 000-ға жетті. ШОБ саны 6 жылда екі еседен астам өсті.

Шағын және орта бизнес саны артқан сайын қызметкерлер саны артады. 2001 жылы Өнеркәсіптік ШОБ-та мемлекет белгілеген шкаладан 34,9 миллион қызметкер болды, ал 2007 жылы бұл көрсеткіш 60,52 миллионға дейін өсті.

Қытайлық ШОБ экспорттық бизнесі де осы кезеңде қарқынды дамыды. 2001 жылы Өнеркәсіптік ШОБ-ты мемлекет белгілеген шкаладан тыс экспорттық жеткізу құны небәрі 1001 миллиард (юань) болды. 2007 жылы ол 4303 миллиардқа (юань) дейін өсті, бұл алты жыл бұрынғыдан төрт есе көп.

Траншекаралық электрондық коммерция платформасы жаңа сыртқы нарықтарды ашады. Ақпараттық технологиялардың дамуымен желі ұлттық экономикаға, корпоративтік саудаға және жеке өмірге үлкен әсер етті. Траншекаралық төлемдер мен логистика индустриясының дамуы электрондық коммерцияның Трансакциялық платформаларының өсуіне жақсы негіз болды. Қытайдағы трансшекаралық электрондық коммерция транзакцияларының көлемі 2015 жылы 5400 миллиард (юань) құрады, өсу қарқыны 28,57%.

Қолда бар әдебиеттерге сәйкес, шығындардың өсуінің ықтимал себептері келесідей. Біріншіден, жұмыс күшінің жалпы ұсынысының қысқаруына (халықтың қартаюының артуына байланысты), жұмысшылардың құқықтарын қорғау туралы хабардарлықтың артуына және қызметкерлердің жалақысын, сақтандыруын және жұмысын, қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жақында жарияланған саясаттарға байланысты ШОБ үшін еңбек шығындары

өсуде. Екіншіден, ішкі энергия тапшылығы және әлемдік энергия бағасының өсуі сияқты факторларға байланысты кейбір салаларда шикізатты сатып алу бағасы өсті. Сонымен қатар, Қытай 2018 жылдан бастап қоршаған ортаны қорғау салығын алады. Экологиялық таза технологияның болмауына байланысты көптеген ШОБ жоғары салықтарға тап болуы мүмкін, бұл ШОБ пайдасының маржасын нашарлатуы мүмкін.

2017 жылы шағын және орта кәсіпорындар Қытайдың үшінші секторының 58% құрады. ШОБ секторындағы жетекші бес сала: мәдени, спорттық және ойын-сауық (80%), білім беру (78%), тұру және тамақтану (67%), көтерме бөлшек сауда (66%) және ғылыми-зерттеу және техникалық қызметтер (64%).

Дамудың ұқсас деңгейіндегі елдермен салыстырғанда Қытайдағы қызмет көрсету саласы экономикада салыстырмалы түрде аз рөл атқарады. Оның жалпы жұмыспен қамту және ЖІӨ акциялары шамамен 10 пайыздық тармаққа төмендейді. Қызмет көрсету индустриясындағы ШОБ үлесі бастапқы және қайталама салаларға қарағанда жоғары болғандықтан, ШОБ Қытайдың экономикалық құрылымы мен экономикалық әлеуетін оңтайландыру жөніндегі Болашақ әрекеттерінде маңызды рөл атқарады.

Өндірістік секторда жұмыс күшінің 70% - 4 400 немесе одан аз жұмысшылары бар шағын және орта кәсіпорындар пайдаланды.

Өндірістік секторда қытайлық ШОБ құрған жұмыс орындарының үлесі АҚШ-қа қарағанда жоғары. Бұл факт макроэкономикалық саясатты құру кезінде Қытай үкіметі оның ШОБ-қа әсеріне назар аударуы керек дегенді білдіреді, өйткені олар жалпы жұмысшы-мигранттардың үлкен санын қосқанда шешуші рөл атқарады. Бұл фирмалар сыртқы күйзелістерге осал, өйткені олардың ақша ағындары мен сыртқы қаржыландыру мүмкіндіктері ірі кәсіпорындар сияқты күшті емес.

2020 жылдың ақпанында Қытайда басталған COVID-19 пандемиясы ел экономикасына қатты әсер етті. Қысқа уақыт ішінде елдегі барлық өндірістер мен ШОБ жабылды, өйткені қытай экономикасының негізгі секторларының бірі де зардап шекті. Дегенмен, Қытай үкіметі келесі қолдау шараларын көрсетті:

– Қаржылық қолдау: Орталық банктің квотасын көтеру, салым резервтеріне қойылатын талаптардың арақатынасын төмендету арқылы РВРС (Қытай Халық банкі) банктерді төмен пайыздық мөлшерлемен ШОБ несиелерін ұсынуға шақырады;

- Салықтар мен алымдар азаяды: үкімет көмектеседі ШОБ салықтар мен алымдарды азайту арқылы;

– Жұмыспен қамтуды ынталандыру: үкімет жұмыс берушілерді жұмысшыларды жұмыстан шығармауға немесе кем дегенде аз жұмысшыларды жұмыстан шығаруға және жаңаларын жалдауға шақырады;

- Өнімділікті арттыруға көмектесу: үкімет ШОБ-қа цифрлық түрлендіруде табысқа жетуге және олардың өнімділігін арнайы цифрлық қосу науқандары, бұлттық есептеулер, үлкен деректер және жасанды интеллект арқылы арттыруға көмектеседі.

Осылайша, Қытайдың ШОБ секторын дамыту Қытайдың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Үкімет дағдарыс кезеңінде де, тұрақты экономика кезеңінде де тиісті қолдау шараларын көрсетеді.

Литва мемлекетіндегі шағын және орта бизнес

Қазақстандағы тәжірибемен салыстырғанда кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетудегі Литваның өте жақсы үлгісі бар. Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнеске үлестіретін гранттар, субсидиялар және т.б. қаржылай және қаржылай емес көмектерді бірнеше мекемелер қатар жүргізеді. Атап айтқанда, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, сондай-ақ әр облыстардағы Әкімдіктерге қарасты Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары және Ауылшаруашалық, Инвестиция және бизнесті дамыту басқармалары осы бағыттағы қызметтерді бір уақытта қатар атқарып келеді. Бұл кәсіпкерлер үшін ғана емес бизнес жасауға ынтасы бар қарапайым азаматтар үшін де айтарлықтай ақпараттық кедергілер туғызатыны жасырын емес. Мәселен, Литва мемлекетінде осы бағыттағы барлық қызмет көрсету операцияларын бір ғана «INVESTICIJU ir verslo garantijos» (бұдан әрі-INVEGA) - Ұлттық жылжыту мекемесі айналысады [16].

INVEGA кепілдік беру мекемесі Литва Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 шілдедегі шағын және орта бизнесті дамыту туралы № 887 қаулысымен құрылған. Экономика министрлігіне компанияның құрылтайшысы және кураторы функцияларын орындау жүктелген. 2018 жылдың 17 қазанында Литва Республикасының Үкіметі INVEGA-ға Ұлттық жылжыту мекемесі мәртебесін берген.

INVEGA қызметінің негізгі мақсаттары – мемлекеттік қаржыландыруды қамтамасыз ететін және бизнес (*негізінен шағын және орта бизнес*), мемлекеттік және ауыл шаруашылығы секторлары үшін қаржы құралдарын жасайтын жалғыз ұлттық жәрдемдесу мекемесі-инвегті қамтамасыз ету болып табылады. Ол инновациялық және тұрақты өзгерістерді қолдай отырып, ел экономикасының негізгі драйвері болу мақсатында қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған.

Осылайша, INVEGA бизнесті дамыту жөніндегі ұлттық ұйымға айналған:

1. Нарықты дамытады: Перспективаны көреді және бизнесті қаржыландыру нарығын жауапкершілікпен кеңейтеді;
2. Инвестициялайды: Ел үшін қосымша құн жасайтын бизнес жобаларға инвестиция салады;
3. Құрады және жетекшілік етеді: INVEGA осындай жобалар үшін қаржы құралдарының ең толық пакетін әзірлейді және жетекшілік жасайды.

INVEGA -келесі негізгі мақсаттарды көздейтін мемлекеттік қаржы институты:

- қаржылық қызметтерді ұсыну;
- бизнесті қаржыландырудың қаржылық және басқа түрлерін жүзеге асыру және басқару;

INVEGA қызметі шағын және орта кәсіпорындар мен экономикалық операторларға олардың іскерлік қызметін іске қосу, пайдалану және кеңейту, сондай-ақ жұмыс орындарын құру және/немесе сақтау немесе бәсекеге қабілеттілікті арттыру кезеңдерінде жәрдемдесу үшін мемлекет қаржыландыратын құралдарды енгізуге бағытталған. Осылайша бизнесті қаржыландырудың белсенді серіктесі бола отырып, Литва бизнесінің өсуіне және бәсекеге қабілеттілігіне ықпал ету миссиясын орындайды. Кәсіпкерлікті дамыту үшін тиімді шешімдерді әзірлейтін және енгізетін тұрақты және танымал қаржылық сарапшылар тобынан тұратын бизнесті ілгерілету жөніндегі шешімдері ел экономикасы үшін елеулі құндылық туғызатын ең озық және тиімді ұйым.

ИНВЕГА кәсіпкерлерге жеңілдетілген несиелер, несиелер мен лизинг кепілдіктері, несиелер бойынша пайыздарды ішінара қаржыландыру және бизнес ашуға субсидиялар, оқу шығындарын өтеу немесе қызметкерлерге кеңес беру арқылы шағын немесе орта бизнесті ашуға немесе кеңейтуге көмектесуге арналған қаржы құралдарын басқарады.

Бұл мекеменің осы саладағы маңыздылығын ерекше атап көрсету керек. INVEGA платформасының барлық қызметі цифрландырылған «Бір терезе» қағидатында жүзеге асырылады. Яғни, ұйымның кәсіпкерлерге қызмет көрсетуі адами факторлардың қатысуынсыз ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Бұл қағидат сыбайлас жемқорлықты алдын алады және әкімшілік тосқауылдың төмендеуіне әсер етеді.

Сондай-ақ, осы платформада кәсіпкерлерді қолдауға арналған барлық бағдарламалар, нормативтік-құқықтық актілер, хабарландырулар, оқу курстары, жеңілдіктер және т.б. бизнеске қатысты барлық ақпарат пен деректер қамтылған. Бұл кәсіпкерлер мен кәсіпті бастайтын тұлғаларға маңызды баспалдақ екені сөзсіз.

Осындай «бір терезе» қағидатымен жұмыс жасайтын платформа Қазақстан үшін аса қажет. Бүгінгі күні елімізде «бір терезе» қағидатымен тек қаржылық емес қолдаулар жүзеге асырылады деп айтылады. Алайда, республика бойынша кәсіпкерлерге қаржылық емес көмек көрсету бағытында бірнеше ұйымдар айналысатындығы анықталып отыр. Олар: «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, «Даму» Қорына қарасты кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары (КҚКО) және әкімдіктердің Инвестиция және бизнесті дамыту басқармалары.

Бұл мекемелердің негізгі функциясы - бизнес үшін сервистік қызмет көрсету қызметін атқарады. Яғни, өз ісін ашып, бизнесті жүргізуіне көмектеседі. КҚКО базасында сонымен қатар, оқыту бағдарламалары, тренингтер, шеберлік-сабағы жүргізіледі, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған дөңгелек үстелдер мен өзге де іс-шаралар өткізіліп тұрады. Бұл бір қызметті бір платформадан емес, бірнеше платформадан көрсететінің дәлелі, яғни ұйымдардың бір-бірінің қызметтерін қайталайтындығын көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында (бұдан әрі-Жолдау) соңғы бес жылда субсидиялауға екі триллион теңгеден астам қаржы жұмсалғаны және

жүйелік олқылықтың салдарынан агроөнеркәсіп кешеніне қатысты қозғалған қылмыстық істердің жартысынан астамы субсидияны талан-таражға салуға байланысты болғанын атап өткен болатын[17].

Бұдан басқа, 2024 жылы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын «бір терезе» қағидаты бойынша ұсыну қажет, бейінді қаржы институттарының қызметтерін біріктірген жөн екендігін атап өткен. Аграрлық-кредиттік корпорацияның әлеуетін күшейту және оған ауыл шаруашылығын субсидиялау жөніндегі әкімдіктердің функцияларын беру қажет. Ол үшін бір цифрлық платформа аясында АӨК субъектілерін жеңілдетілген несиелеу және субсидиялау қызметтерін біріктіру қажет деген болатын Президент.[18]

Сондай-ақ ол Жолдауда қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру деген болатын.

Цифрландыруды дамытуға сұраныстың артуы бәсекеге қабілеттіліктің жаңа факторын анықтады. Осы бағыттағы мемлекеттік саясат бір жағынан цифрлық платформаларды пайдалана отырып, кәсіпкерлермен және кәсіпорындармен өзара іс-қимылды барынша тереңдететін болады, екінші жағынан, барлық өзара іс-қимыл жасайтын тараптардың мүдделерін ескере және қорғай отырып, платформалық шешімдерге негізделген кәсіпкерлік қызмет үшін мүмкіндіктерді дамытуға және кеңейтуге ықпал ететін болады. Көптеген кәсіпкерлер мемлекеттік қолдау туралы білмейді, бейнероликтердің қолжетімді түрінде және т.б. кәсіпкерлерді барлық рәсімдерге үйрету қажет.

Сондай-ақ, ұйымдардың қайталанатын функцияларын біріктіру арқылы қызметкерлерге жұмсалатын жалақы мен әкімшілік ғимараттарға кететін бюджеттік шығындарды үнемдеуге болады.

1-кестеде – INVEGA-ның миссиясы мен пайымдауын атқаратын Қазақстан Республикасындағы ресми сайттарынан және мекеме ережелерінен алынған ұйымдардың тізбесі көрсетілген[19].

№	ҰЙЫМНЫҢ АТАУЫ	МИССИЯСЫ	ПАЙЫМДАУЫ
1	Қазақстанның даму банкі» АҚ	Экономиканың шикізаттық емес секторын тұрақты дамыту және экономиканың өсуін қамтамасыз ететін инфрақұрылым құру есебінен ұлттық әл-ауқатты жақсарту.	Елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін өз қызметінің барлық салаларында озық саясаты бар ұлттық қаржы даму институты.
2	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	Қордың миссиясы - кешенді және тиімді қолдау құралдарын енгізу арқылы Қазақстанда микро, шағын және орта кәсіпкерліктің (МШОК) тұрақты дамуында белсенді рөл атқару.	
3	«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ	АКК миссиясы қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру арқылы Қазақстан Республикасының АӨК тұрақты дамуына жәрдемдесу болып табылады.	Біз АӨК-ні қаржы ресурстарымен қамтамасыз етудің тиімді моделі бар және заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, орнықты даму қағидаттарында бәсекеге қабілетті өндірістер мен бизнесті құруға ықпал ететін негізгі даму институтымыз.
4	Облыстардың ауылшаруашылық басқармалары	Міндеті Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламаларын іске асыру	
5	Инвестиция және бизнесті дамыту басқармалары	Астана қаласында қолайлы инвестициялық және бизнес-ахуал жасау жөнінде шаралар қабылдау;	
6	Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары (ӘКК)	ӘКК миссиясы – мемлекет пен бизнестің әріптестігі қағидаттарының негізінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу.	ӘКК пайымы – активтерді тиімді басқаратын, өңірдің өсу нүктелерінде экономикалық белсенділікті, оның ішінде инвестицияларды тарту арқылы ынталандыратын және бәсекеге қабілетті орнықты өндірістерді қалыптастыратын катализатор ретінде әрекет ететін өңірлік даму институты.

1-кесте – INVEGA-ның миссиясы мен пайымдауын атқаратын Қазақстан Республикасындағы ұйымдар тізімі.

Ескертпе – [19] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.



3-сурет – INVEGA-ның миссиясы мен пайымдауын атқаратын Қазақстан Республикасындағы ұйымдар тізімі.

Ескертпе – [19] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Шет елдердің тәжірибесін салыстырмалы талдау Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуға пайда әкелетін белгілі бір тәсілдерді қолдану мүмкіндігін зерттеу мақсатында оларды одан әрі егжей-тегжейлі зерделеу қажеттігін көрсетеді.


2. Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекеттік қолдаудың қазіргі жағдайы мен рөлі

2.1 Кәсіпкерліктің жағдайы мен дамуы

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет 2015 жылғы 29 қазанда қабылданған Кәсіпкерлік Кодекспен (бұдан әрі – Кодекс) реттеледі. Кәсіпкерлік саласындағы қалған құқықтық, заңға тәуелді актілер Кодекстің нормаларына сәйкес қолданылады. Кодекстің 2-бабына сәйкес азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза табыс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашыл қызметі Кәсіпкерлік болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектілері жалдамалы жұмыскерлердің орташа жылдық санына және табыстардың орташа жылдық көлеміне қарай (4-сурет) үш санатқа

бөлінеді: шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микро, орта кәсіпкерлік және ірі кәсіпкерлік[20].



4-сурет – Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары

Ескертпе – [20] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының бірінші деңгейіне жататын Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының 2-ші бағыты: «кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау». Аталған бағыт шеңберінде ШОБ-тың жалпы ішкі өнімдегі үлесін 2030 жылға дейін кемінде екі есеге өсіру, кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру, әкімшілік бөгеттерді азайту, бизнестің дамуына бөгет жасаған шенеуніктер үшін қатаң жауапкершілік жүйесін енгізу қарастырылған.

Мысалы, Президенттің тапсырмасымен салалар бойынша Ұлттық жобалар әзірленіп, бекітілді. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба (бұдан әрі-Ұлттық жоба) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылға 12 қазандағы №728 қаулысымен бекітілді. Жобаны әзірлеудің мақсаты:

Кәсіпкерлік құрылымындағы сапалы өзгерістерді қамтамасыз ету:

- халықты жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында шағын бизнесті дамыту;
- экономика салаларын әртараптандырудың драйвері – орта бизнеске сүйену;
- кәсіпкерлік субъектілері үшін тең жағдайлар – бәсекелестікті кешенді дамыту.

Ұлттық жобаны жүзеге асыру арқылы келесі экономикалық әсер қарастырылған: ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 35 %-ға дейін жеткізу. ЖІӨ-дегі туризм көлемінің өсуі 8,4 трлн. теңге. Мемлекеттің экономикадағы үлесін 14 %-ға дейін төмендету. 995,3 мың жұмыс орнын құру. Әлеуметтік әсерлерге келесілер жатады: Азаматтарды тұрақты жұмыс орындарына орналастыру – 1,7 млн адам; Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамту – 3,5

млн адам; Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл халқы үлесінің азаюы – 6,5%.

Ұлттық жобаны іске асыру басталғаннан бері (соның ішінде «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы) 31.12.2023 жылға дейін 533 837,1 млн. теңге сомасына 6 120 жоба бойынша шарттарға қол қойылды, оның ішінде:

- 18 421 млн. теңгеге 2 669 шарттың жобаларын портфельдік субсидиялау бойынша;

- екінші бағыт шеңберінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға - 2 884 жоба, кредиттік желі 507 710,3 млн. теңге;

- грант шеңберінде 1 986 млн. теңге сомасына 522 жоба мақұлданды;

- өндірістік инфрақұрылым бойынша 5 719,8 млн. теңге сомасына 45 жоба (электрмен жабдықтау, кәріз, сумен жабдықтау, бу трассасын ауыстыру және басқалар).

Бұдан басқа:

- кредиттерге кепілдік беру бойынша 53 299,4 млн. теңге кепілдік төлеу сомасына 4 203 жоба бойынша шарттарға қол қойылды.

Алайда, 2023 жылы қыркүйек айында Ұлттық жоба басқа жобалармен бірге әрекет ету күшін тоқтатты.

Ұлттық жоба бекітілгеннен кейін арада жарты жыл салып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 Қаулысымен Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді[21].

Бұл ретте, бір-біріне байланысты екі стратегиялық және бағдарламалық (ұлттық жоба және тұжырымдама) құжаттардағы сәйкессіздік фактісі айқындалғанын атап өткен жөн.

Бұл құжат шағын және орта бизнесті дамытудың тұжырымдамалық бағыттары мен тәсілдерін қамтиды.

Тұжырымдамаға сәйкес үш негізгі макроэкономикалық көрсеткішке қол жеткізу күтілуде.

№ п/п	Индикатор	Мақсатты мән		Факт	Факт
		2025 ж.	2030 ж.	2021 ж.	2022 ж.
1	ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі	35%	40%	33,3%	36,5%
2	ЖІӨ-дегі орташа компаниялардың үлесі	15%	20%	6,1%	6,2%
3	ЖІӨ-дегі бақыланбайтын экономиканың үлесі	15%	12%	19,75%	18,78%

5 -сурет - Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер

Ескертпе – [21] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Жоғарыда аталған Тұжырымдамада нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелерге жету үшін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың пайымы, негізгі қағидаттары мен тәсілдері толықанды қарастырылған.

2.2 Астанада шағын және орта бизнесті дамытудың мемлекеттік бағдарламаларына талдау жасау

Бүгінгі күні республиканың өзге өңірлерімен салыстырғанда ШОБ-тың негізгі көрсеткіштері бойынша Астана қаласында оң динамика қалыптасуда. ШОБ-тың ЖӨӨ-дегі үлесін 50%-ға жеткізу туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын алғаш болып Астана қаласы орындаған. Бүгінгі күні ШОБ-тың қала экономикасына әсері дамыған мемлекеттердің деңгейіне дейін жеткен. 6-суретте 2021 жылдың қорытындысы бойынша елорда экономикасындағы ШОБ-тың үлесі 59%-ды құрап, өңірлер арасындағы көшбасшылықты сақтап қалды. Дәл осы кезеңдегі ШОБ-тың үлесі ЖІӨ-дегі үлесі 33,5%-ға жеткен[22].

Бұдан басқа, ШОБ-тың даму ахуалын сипаттайтын өзге де негізгі статистикалық көрсеткіштер бойынша үдемелі өсу қарқыны байқалуда.



6-сурет – Астана қаласының ЖӨӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі.

Ескертпе – [22] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес (2-кесте) Астана қаласының ШОБ-саласындағы негізгі көрсеткіштері келтірілген. 2022 жылдың қорытындысы бойынша қызмет етуші ШОБ субъектілерінің жалпы тіркелгендер көлеміндегі үлесі 2018 жылмен салыстырғанда 76,9%-дан 88%-ға дейін өскен. 2019-2021 жылдар аралығында жалпы экономикалық белсенді қала тұрғындарының ШОБ-та жұмыспен қамтылғандарының үлесі төмендегенімен 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіш 71,5%-ға жеткен[23].

2-кесте – Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес ШОБ-тың даму көрсеткіштері

Индикатор	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
-----------	----------	----------	----------	----------	----------

Тіркелген ШОБ (бірлік)	162 128	167 183	173 837	191 109	232 081
оның ішінде:					
- Шағын бизнестің 3Т	64 047	68 552	72 011	77 339	86 301
- Орта бизнестің 3Т	292	238	241	269	265
- ЖК	97 548	98 364	101 144	112 921	144 372
Жұмыс істеп тұрған ШОБ (бірлік)	124 685	134 475	144 769	163 017	204 308
оның ішінде:					
- Шағын бизнестің 3Т	40 887	47 395	52 121	57 496	67 087
- Орта бизнестің 3Т	251	227	234	264	264
- ЖК	83 339	86 559	92 057	104 750	135 891
<i>Тіркелгендердің жалпы санындағы қолданыстағылардың үлесі (%)</i>	<i>76,9</i>	<i>80,4</i>	<i>83,3</i>	<i>85,3</i>	<i>88</i>
ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар саны (бірлік)	374 559	387 879	398 158	413 570	489 593
оның ішінде:					
- Шағын бизнестің 3Т	211 719	221 075	229 821	234 677	284 215
- Орта бизнестің 3Т	28 758	31 032	28 943	29 917	31 010
- ЖК	133 691	135 321	138 868	148 330	173 145
Экономикалық белсенді халық (бірлік)	531 287	579 352	590 676	608 431	655 450
<i>Экономикалық белсенді халықтың жалпы санындағы ШОБ-та жұмыспен қамтылғандардың үлесі (%)</i>	<i>70,5</i>	<i>66,9</i>	<i>67,4</i>	<i>67,9</i>	<i>74,7</i>
ШОБ субъектілерінің тауарлар мен қызметтерді шығаруы (млрд. тг.)	4 886,2	6 460,2	6 634,6	8 113	11 422,8
оның ішінде:					
- Шағын бизнестің 3Т	3 695,9	5 077,9	5 347,4	6 458,6	9 748,7
- Орта бизнестің 3Т	980,8	1 155,4	1 112,4	1 322	1 203,1
- ЖК		226,8	174,8	323,3	471
<i>ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесі (%)</i>	<i>48,6</i>	<i>55,1</i>	<i>56,8</i>	<i>59</i>	<i>61,7</i>

2-кестенің жалғасы

Ескертпе – [23] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ШОБ субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны 489 593 адамды құрап, 2012 жылдан бері (161 893 адам) 3 есе өсті.



7- сурет – ШОК-та жұмыспен қамтылғандар санының динамикасы, мың адам

Ескертпе – [23] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Бизнесті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде Үкіметтің жоспарлы және құрылымдық жұмысы ШОБ субъектілерінің өнім шығаруын ұлғайтуға да оң әсерін тигізуде, ол 2012 жылы 1 102,3 млрд. теңгеден 2022 жылы 11 422,8 млрд. теңгеге дейін өсті.

Алдыңғы жылдары өнеркәсіп өнімі, инвестициялар, тауар айналымы және басқа да экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер көлемінің өсуі бойынша қол жеткізілген үрдіс тұрақты болып қалуда.

Қала ауданы	ШОК заңды тұлғалары	Жеке кәсіпкерлер	Шаруа немесе фермер қожалықтары	Жиыны	Өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен жиыны
Алматы	18 628	46 522	356	65 506	119,0%
Есіл	21 523	35 552	277	57 352	145,9%
Сарыарқа	14 820	32 912	312	48 044	118,6%
Байқоңыр	12 380	20 905	121	33 406	118,6%
Астана қаласы	67 351	135 891	1 066	204 308	125,3%

3-кесте- Астана қаласы аудандарына тиесілі 2023 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлік. [24]

Ескертпе – [24] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Астана қаласында бизнесті қолдау үшін келесі мемлекеттік және жергілікті бағдарламалар іске асырылуда:

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша карантиннен кейінгі кезеңде бизнесті қолдау мақсатында «Бизнестің жол 23 картасы-2025» шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлер кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлеме алдыңғы жылға дейін 6% деңгейінде болған (базалық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты ағымдағы жылы өзгертілген). ШОБ объектілеріне жеткіліксіз инфрақұрылымды жеткізу – экономиканың басым салаларында жұмыс істейтін ШОБ объектілерін сумен, жылумен, газбен жабдықтау, телефон желісін қондыру, бу қондырғыштарын салуды қарастырады. Ал қайтарымсыз грант экономиканың басым салаларында жүзеге асыруға дайын жаңа бизнес идеясы бар кәсіпкерге немесе қызмет жасап тұрған бизнесті одан әрі жетілдіруге бағытталады. Бұл бес миллионға дейінгі қайтарымсыз грант конкурс өткізу арқылы шағын бизнес субъектілеріне беріледі.

- Жергілікті бағдарлама – «Астана бизнес». Бұл бағдарлама қала әкімдігі мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бірлесіп жүзеге асырып жатқан

бизнесіні қолдау (елордадағы бизнес-ахуалды жақсарту мақсатында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін жеңілдікті шарттармен қарыз қаражатын беру) құралы болып саналады. Жеңілдетілген несие салалық шектеулерсіз, ең жоғары сомасы: ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін – 50 млн.теңге; жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін – 100 млн. теңгеден беріледі. Қаржыландыру мерзімі 7 жылға дейін, айналым қаражатын толықтыруға – 3 жылға дейін, сыйақы мөлшерлемесі жылдық мөлшерлеме 7%-дан аспайды.

Жалпы, бизнес үшін қарыз қаражатын арзандатуға бағытталған қолданыстағы барлық мемлекеттік бағдарламалар екінші деңгейдегі банктер арқылы іске асырылады. Екінші деңгейдегі банктер-мақсаты пайда табу болып табылатын жеке коммерциялық ұйымдар, мерзімдерді қоса алғанда, қарау шарттары, құжаттар тізімі банктердің ішкі нормативтік актілерімен бекітіледі. Шағын және орта бизнесіні несиелеу кезінде банктердің жағдайын жеңілдету бойынша проблемалық мәселе жүйелі сипатқа ие.

- 2017 жылдан 2021 жылға дейін «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын бизнес субъектілеріне микрокредит беру тетігі жұмыс істеді. Кредиттің ең жоғары сомасы 8 000 АЕК-ке дейін, ставка 6%-дан аспайды, кредиттеу мерзімі 5 жылға дейін. Көп балалы және аз қамтылғандар үшін ерекше шарттар қолданылды: ставка 4% - дан аспайды, несие мерзімі 7 жылға дейін (мерзімі аяқталған, алайда несие қайтарылған қаражат есебінен револьверді жолмен берілуде).

2019 жылдан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың жоғарыда аталған бағдарламалары шеңберінде жалпы сомасы 315,2 млрд. теңгеге 4 860 жобаға қолдау көрсетілді, оның ішінде

2019 жылы 27,2 млрд. теңгеге 373 жоба,

2020 жылы – 64,1 млрд. теңгеге 752 жоба,

2021 жылы – 117,8 млрд.теңгеге 1 787 жоба.

2022 жылы – 106,1 млрд. теңгеге 1 948 жоба.

Бүгінде республикалық деңгейде «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына қаржылай емес қолдау көрсету бойынша функциялар бөлінген.

Кәсіпкерлер палатасының өңірлік филиалдарының алаңдарында бухгалтерлік есеп жүргізу, салық салу, заңдық сүйемелдеу және т.б. мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетіледі.

Сонымен қатар, Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасының «кәсіпкерлік белсенділікті арттыру» бірінші бағытының аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жүргізілуде.

Жобаның мақсаты - кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тарту арқылы халықтың экономикалық белсенділігін арттыру.

Міндеттері: халықты кәсіпкерлік қызметке жаппай тарту; перспективалы кәсіпкерлік идеяларды қолдау; практикалық оқыту, қатысушылардың бизнес жүргізу дағдыларын игеруі; жастар арасында кәсіпкерлік қызметті танымал ету; бизнес-ортаны қалыптастыру.

Курстарды аяқтау туралы Сертификат 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы шеңберінде 5 млн. теңгеге дейін

гранттар беруге конкурстық іріктеуге қатысу үшін 400 АЕК-ке дейін мемлекеттік гранттар алу үшін құжаттардың міндетті тізбесіне кіреді.

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының 4-тарауының 2-міндеті шеңберінде (ҚР Үкіметінің 27.04.2022 ж. №250 Қаулысымен бекітілген) Үкімет кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шараларынан жаңа пакеттер әзірледі, оның ішінде ақпараттық қолдауды, келісім-шарт орталықтарын дамытуды, оқыту орталықтарын дамытуды, бизнес-жаттықтырушылар, менторлар мен консультанттар жүйесін дамытуды және т. б. көздеді.

Бастапқы кезеңде «Атамекен» ҰКП өңірлік филиалдары жанындағы қолданыстағы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының қолда бар инфрақұрылымында қолдау шараларының жаңа пакеттерін іске асыру көзделді.

Елорда халқының тұрақты өсуін, сондай-ақ бизнесті жан-жақты ынталандыруды және азаматтарды жеке секторға тартуды ескере отырып, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының қуаты жеткіліксіз болған кезде жергілікті атқарушы орган барлық талаптарға жауап беретін кәсіпкерлерді қолдау орталығын құру мәселесін қарайтын болады.

Жоғарыда көрсетілген статистикалық мәліметтер мен ШОБ-ты қолдау бағытындағы жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың нәтижесі Астана қаласында кәсіпкерліктің дамуына үлкен әлеует бар екенін көрсетеді.

Осы арада кәсіпкерлік саласының ең көп табыс беруші арнасы – сауда саласы екенін сарапшылар айтып келеді. Осы кезекте Қазақстан Республикасының Ұлттық статистикасының деректеріне сүйене отырып, Астана қаласының ішкі саудасын қарастырып көрейік.

Сауда ұлттық экономиканың ең серпінді және сұранысқа ие салаларының бірі болып қала береді, кәсіпкерліктің барлық форматтарының барынша кең өкілдігі бар неғұрлым бәсекелі орта бар, кәсіпкерлік бастаманы және халықтың барлық топтарын кәсіпкерлікке тұрақты тартуды ынталандырады.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда республиканың бөлшек саудасының жалпы көлеміндегі ең үлкен үлес салмағы Алматы қаласына (32,3%), Астана қаласына (12,5%), Қарағанды (8,3%) және Шығыс Қазақстан (6,2%) облыстарына тиесілі [25].

ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша Астана қаласында ішкі бөлшек тауарлар айналымының көлемін 2012- жылдан бастап 2022 жылға дейін көруге болады [26].

	Бөлшек тауар айналымының жалпы көлемі	Оның ішінде:	
		сауда кәсіпорындарының бөлшек саудасы	жеке кәсіпкерлердің бөлшек саудасы
2012	429 111,6	305 269,5	123 842,1
2013	543 755,8	396 967,9	146 787,9
2014	677 590,7	510 675,2	166 915,5
2015	742 899,3	536 242,5	206 656,9
2016	913 071,2	525 267,2	387 804
2017	1 043 940,6	697 028,9	346 911,7
2018	1 143 750,3	821 752,8	321 997,5
2019	1 267 529,9	1 051 765,7	215 764,2
2020	1 369 472,9	1 012 788,1	356 684,8
2021	1 692 678,0	1 085 099,7	607 578,3
2022	1 973 903,1	1 382 539,3	591 363,8

4-кесте- Бөлшек тауар айналымының көлемі млн. теңге

Ескертпе – [26] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

2022 жылы ЖӨӨ құрылымындағы қызметтер мен сауда саласының үлесі 84,5% құрады, оның ішінде сауда саласы – 22,4%, қызмет көрсету саласы – 62,1%.

Астана қаласы бойынша тауарлар мен қызметтерді сатудың жалпы көлемі 7 701,3 млрд. теңгені құрады.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда бөлшек тауар айналымының көлемі 1 973,9 млрд. теңгені құрады. 2021 жылмен салыстырғанда көлемі 10,1%-ға өсті.

2012 жылмен салыстырғанда бөлшек сауда көлемі 4,6 есеге өсіп, 2022 жылы 1 973,9 млрд. теңгені құрады, бұл жан басына шаққандағы тауар айналымының айтарлықтай өсуіне ықпал етті, егер 2012 жылы 564,2 мың теңге болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 1,7 млн. теңгені құрады. 2022 жылы тауар айналымының жалпы көлемінің 30,0%-ы жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың базарларда тауарларды сатуына тиесілі, ал 2012 жылы - 28,9% құраған.

Нарықтардағы сауданың бағалық тартымдылығына қарамастан, сатып алу басымдықтары біртіндеп стационарлық сауда кәсіпорындарында тауарларды сатып алуға қайта бағытталуда, өйткені оларда қызмет көрсету мәдениетінің тиісті деңгейіне және сатылатын тауарлардың сапасын бақылауды қамтамасыз етуге жағдай жасалған.

Ресми тіркелген кәсіпорындардың бөлшек тауар айналымының көлемі 2022 жылы 1 382,5 млрд. теңгені (бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінің 70,0%) құрады, бұл 2012 жылғы көлемнен 4,5 есе жоғары.

Барлық сауданың негізгі көлемі көтерме сауда нарығында орындалады. Республиканың көтерме саудасының жалпы көлеміндегі ең үлкен үлес салмағы 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда Алматы қаласына (37,4%), Астана қаласына

(16,4%), Атырау облысына (13,5%), Қарағанды облысына (5,4%) тиесілі. Қаланың көтерме сауда нарығында 2022 жылы тауар айналымы 5 727 407,0 млн. теңгені құрады, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 3,5 есе жоғары.

	Көтерме сауда-барлығы	оның ішінде:		
		кіші	Орта	ірі
2012	1 636 989,2	1 223 310,7	406 890,2	6 788,3
2013	2 366 185	842 632,7	1 504 908,7	18 643,6
2014	2 689 571,3	1 713 453,4	941 007,3	35 110,6
2015	2 866 934,9	2 531 838,3	308 257,5	26 839,1
2016	2 233 203,1	1 610 666,7	578 030	44 506,4
2017	2 409 758,6	2 020 997	339 615,2	49 146,4
2018	2 799 679,1	2 348 012,4	394 567,9	57 098,7
2019	3 809 140,8	3 014 352,5	704 510,2	90 278,1
2020	4 354 112,5	2 875 199,4	1 348 029,2	130 883,9
2021	4 610 121,1	3 049 980,3	1 419 652,9	140 487,9
2022	5 727 407,0	3 883 461,0	1 634 878,7	209 067,3

5- кесте- Кәсіпорындардың көлемі бойынша көтерме сауда айналымының көлемі, млн. теңге

Ескертпе – [26] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Көтерме тауар айналымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік – техникалық мақсаттағы тауарлар ең көп үлеске ие-90,6%, азық-түлік тауарлары 9,4% құрады. Көтерме тауар айналымының негізгі көлемін шағын кәсіпорындар жүзеге асырды – 3 883 460,9 млн. теңге.

Сондай-ақ «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі экономиканың түбегейлі жаңа траекторияға – болашақтың цифрлық экономикасына көшуі үшін жағдайлар жасау болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін 5 негізгі бағыт, оның бірі электрондық сауданы, қаржылық технологияларды және қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту болып табылады. Нәтижесінде жалпы интернет-сауданы дамыту үшін елде бар кедергілерді жоюға, сондай-ақ жергілікті ойыншылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған шаралар кешенін іске асыру көзделеді.

Бұл ретте цифрлық коммерцияны дамыту электрондық сауданы реттеу, электрондық төлемдерді қабылдауды кеңейту, халық пен кәсіпкерлердің цифрлық және қаржылық сауаттылығын арттыру, электрондық сауданы ілгерілету, сондай-ақ инфрақұрылым мен логистиканы дамыту бөлігінде өзекті міндеттерді шешеді.

Жалпы алғанда Астана қаласы аумақтық құрылым ретінде сыртқы және ішкі ресурстардың шоғырлануына байланысты экономикалық дамудың жоғары динамизмімен ерекшеленеді.

Мысалы, Астананың басқа қалаларға қарағанда бірқатар артықшылықтары мен мүмкіндіктері бар:

- 1) демография, халықтың өсуі, оның ішінде көші-қон жолымен;

- 2) тез өтелетін құрылыс бизнесі ;
- 3) елорда тұрғындарының жоғары сатып алу қабілеті;
- 4) жылдам дамып келе жатқан және тез төленетін инфрақұрылым;
- 5) еңбекке қабілетті және экономикалық белсенді жас халықтың өсуі;
- 6) астананың белгілі, тұрақты мәдени келбетін қалыптастыру;
- 7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі кеңсесінің орналасқан жері, ірі компаниялардың штаб-пәтерлерін Алматыдан Астанаға көшіру;
- 8) астанада білім беру сапасының әлемдік рейтингіне кіретін еліміздің ең мықты жоғары білім беру мекемелерін оқшаулау.

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі –ҰКП) Қазақстан өңірлерінде бизнес жүргізудің сыртқы және ішкі жағдайлары бойынша тұрақты негізде зерттеу жүргізеді және "Іскерлік ахуал" тәуелсіз рейтингін қалыптастырады [27].

Осы ҰКП-ның «Іскерлі ахуал» атты тәуелсіз рейтингінде статистикалық көрсеткіштер негізінде жалпы өңірлерді саралауда Астана Алматы қаласынан кейін екінші орында тұр.

Осы рейтингтің кейбір көрсеткіштері бойынша Астана қаласы әлі де төменгі позицияда тұрғанын байқауға болады. Мысалы: тіркелген ШОБ санының өсу қарқыны бойынша Астана 17 облыстар ішінде бар-жоғы 7-позицияны алып тұр. Сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілері санының өсу қарқыны бойынша 8- позицияны алып отыр. Бұдан басқа шағын, орта кәсіпорындардың негізгі капиталына нақты мәндегі инвестициялардың өсу қарқыны бойынша 6-орында. ШОБ субъектілерінің нақты мәндегі өнім шығару санының өсу қарқыны бойынша 10-позицияда. Жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар санының өсу қарқыны бойынша 9-позицияда. Бұл төменгі көрсеткіштер өкінішке қарай Астана қаласының экономикалық әлеуетін әлі де толыққанды пайдалана алмай жатқандығымызды көрсетеді.

Осыған байланысты Астананың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, Астанада «Brain drain» (зияткерлік капиталды көшіру) тенденциясын «brain gain» (зияткерлік капиталдың өсуіне жағдай жасау) тенденциясына ауыстыру қажет.

Дарынды кәсіпкерлерге оларды Астанаға жұмылдыру үшін ынталандырушы жағдайлар мен мемлекеттік қолдау жасау өте маңызды. Бұл бағытта АҚШ-тың «Дарындылар үшін» бағдарламасы көрсеткіш ретінде пайдалануға болады. Онда үміткер мемлекет үшін өзінің болжамды пайдасын құжаттайтын болса, АҚШ азаматтығын ресімдеудің жеңілдетілген тәртібі қарастырылған. Осылайша, АҚШ интеллектуалды дамыған жер халқының елге келуін ынталандырады.

Осындай қолдауды Астанада жүзеге асыру үшін:

- Астана қаласының аумағында кәсіпкерлік жүргізетін тұлғаларға арнайы жеңілдетілген салық режимін орнату керек;
- Астана қаласының аумағынан Астана индустриялық аймағын құру.
- Осы қаладағы кәсіпкерлердің жеңілдетілген несиелер алуға мүмкіндіктері

- көбірек болу керек;
- Осы қалада кәсіпкерлігін бастаған тұлғаларға (ШОБ) алғашқы 3 жылда салықтан босату керек;
 - Кәсіпкерлік нысандарын салуға ниет білдірген тұлғаларға жергілікті атқарушы орган инфрақұрылымды қолдауды күшейту қажет.

Аталған қолдаулар арқылы Астана қаласының ЖӨӨ сияқты көрсеткіштерге әсер ету.

Сондай-ақ кәсіпкерлік белсенділікті реттеу мен көтермелеу арасындағы: бизнеске қарапайым және ыңғайлы кіру, бизнестен шығуды жазаламайтын бизнесті дамыту үшін жағдайлар мен ынталандырулар сияқты оңтайлы теңгерім қамтамасыз етілуі жалғасу тиіс.


Ашықтықты қамтамасыз ету және бюрократияның шешімдер қабылдауға тікелей ықпалын болдырмау үшін кәсіпкерлерге ақша бөлу мемлекет тарапынан бизнесті тексеру сияқты мемлекет пен бизнес арасындағы байланысты цифрлық форматқа жаппай көшіру бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Салықтық әкімшілендірудің сапасын барынша оңайлату оны жақсартудың негізгі тәсіліне айналуға тиіс.


ШОБ-тің дамуына елеулі кедергісін тигізетін әкімшілік тосқауылдарды тиімді жолдарын шешуді жалғастыру қажет.

Кәсіпкерліктегі ағымдағы ахуалға талдау жүргізу мақсатында зерттеу барысында Астана қаласындағы шағын және орта кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізілді (сұрақтар 2-қосымшада). Сауалнама кәсіпкерлердің телефондарына сілтеме арқылы мемлекеттік тілінде жасалған сауалнаманы жолдау арқылы жүзеге асырылды. Сауалнамаға 100 кәсіпкер қатысты.

8-сурет-Респонденттердің ұйымдық-құқықтық нысаны, гендерлік ерекшелігі, жастары, қызмет ету мерзімі, бизнестің санаты.




8-суреттің жалғасы



Ескертпе- сауалнама-сауалнамалық деректер негізінде автормен құрастырылған

Кәсіпкердің қызмет ету салалары



9-сурет- Респонденттердің жұмыс істейтін бизнес саласы


Ескертпе- сауалнама-сауалнамалық деректерге сәйкес автормен құрастырылған

Бұл ретте сауалнамаға қатысқандардың 41,2% көтерме және бөлшек саудада жұмыс істейтіндер, 35,3% өзге, 5,9% өңдеу өнеркәсібі, 5,9% қызметтердің басқа түрлерін ұсыну, 5,9% тұру және тамақтану қызметі, 2,9% білім беру, 2,9% өнер, ойын сауық және демалыс саласында жұмыс жасайды.

Айта кетерлігі Астана қаласының көтерме және бөлшек саудасының жалпы көлеміндегі үлес салмағы жағынан Алматы қаласынан кейінгі екінші орынды алады. Әрине, бұл кестеде көрсетілген көтерме және бөлшек саудадан басқа салаларды да дамыту міндеті тұр.

Алайда көтерме және бөлшек саудасын даму қарқын тоқтатпау үшін әрі қарай жұмыстар жасау қажет. Атап айтқанда, көше саудасын (дөңгелекті асханалар, кофеханалар, наубайханалар, балмұздақ, көкөністер-жемістер, газеттер, гүл дүңгіршектері, кәдесый дүкендері және т. б.) реттеу және дамыту, көше саудасында қызмет көрсету сапасын жақсарту, кәсіпкерлік субъектілері үшін әкімшілік рәсімдерді оңайлату, қалалық стационарлық емес сауда объектілерінде сауда құқығын берудің ашық және қарапайым тетігін құру қажет.

Сонымен қатар, айта кетерлік жайт, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің м.а. 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 386 бұйрығымен бекітілген «Көтерме және бөлшек сауда» кәсіби стандартын қайта қарау, заман талабына барынша бейімдеуге баса назар салу қажет.




10-сурет-Респонденттердің кәсіпкер болып тіркелгеннен кейін қандай мемлекеттік қолдау түрін пайдаланғандығы туралы ақпарат

Ескертпе- сауалнама-сауалнамалық деректерге сәйкес автормен құрастырылған

Бұл ретте сауалнамаға қатысқандардың кәсіпкер болып тіркелгеннен кейін қандай мемлекеттік қолдау түрін пайдаландыңыз деген сұраққа қаржылық қолдауға 20,6%, қаржылық емес қолдауға 5,9%, әлі жүгінбегендер 23,5%, ешқандай дегендердің саны 50% құрады.

Шағын және орта бизнесті ынталандыру және қолдау тетіктері негізгі 3 бағыт бойынша жүзеге асырылуда: қаржылық қолдау, инфрақұрылымдық қолдау, қаржылық емес қолдау. Қаржылық қолдауға: жеңілдетілген несиелер, мемлекеттік гранттар, субсидиялар кіреді. Қаржылық емес қолдауға: бухгалтерлік есеп жүргізу, салық салу, заңдық сүйемелдеу және т.б. мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетіледі. Инфрақұрылымдық қолдауға: Кәсіпорындар сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газ, жер учаскелерін жалға беру, ауылшаруашылық жәрмеңке ұйымдастырылған болса жәрмеңке алаңында тауарларды сату үшін көшпелі есептегіштер, бірыңғай үлгідегі павильондар немесе өзге де жеңіл салынатын құрылыстар, шатырлардың конструкциялары сияқты сауда орындары ұйымдастыру және т.б.

Жоғарыдағы диаграммадағы сауалнама нәтижесі көрсетіп отырғандай кәсібін бастаған кәсіпкерлердің басым бөлігі мемлекет тарапынан көрсетілетін түрлі көмектерге жүгінбегенін алға тартады. Оған себеп респонденттердің берген ұсыныстары мен мәселелеріне сүйенсек, мемлекеттік қолдау деңгейіне кәсіпкерлер тарапынан сенім деңгейінің төмендігі де, қолдау көрсету деңгейінің төмендігі де байқалады. Оған қоса, көрсетілетін көмектердің, қолдау шарттарының бюрократиялық кедергілерге апаратын қиын процесске балануы да болуы мүмкін.



Ескертпе- сауалнама автормен құрастырылған

11-сурет-Респонденттердің Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кәсіпкерлердің хабардарлық деңгейін бағалау көрсеткіші.

Респонденттердің (11-сурет) Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кәсіпкерлердің хабардарлық деңгейін 23,5% жоғары, 29,4% орташа, 47,1% төмен бағалаған.

Сонымен қатар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы білу деңгейін анықтауға арналған сауалнама нәтижесі келесі жағдайды көрсетіп отыр. Білетіндер қатары 44,1% құрады, ал білмейтіндер 55,9% құрады.

Ал, өз бизнесін кеңейтуді жоспарлап отырсыз ба деген сауалға респонденттер келесідей жауап ұсынған. Кәсіпкерлердің 55,9% алдағы 2-3 жылда бизнестерін кеңейтуді жоспарлап отыр. Ал 29,4% мүмкін, 14,7% мүлдем жоқ деп жауап берген.

Келесі сұрақ мемлекеттік қолдау шаралары жеткізілікті деңгейде ме деген сұрақ болатын. Кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың көзделген шаралары 38,2% жеткілікті деп жауап берген, 26,5% жоқ деп жауап берген. Респонденттердің атап кеткен мәселелері келесідей: кредиттің пайызы көп, аз пайызбен кредит ала алмайсың; жоғарыдан бөлінген ақша төменге жетпейді; ақшадан қысылғанда ақша ала алмай жалыққанбыз; кәсіпкерлерді қолдау салықты азайтудан басталады; мобильді аударымдарды тексергені керісінше бізге тосқауыл болып жатыр; кәсіпкерлерге қолдау қажет, мемлекеттен көмек жоқ; маған 20% берілетін кредиттердің қажеті жоқ, шектеулер көп, әлі де мемлекет тарапынан жетілдіретін жұмыстар көп деген мәселелер.

Кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдауды жетілдіру бойынша ұсыныстары келесідей: антимонополия қызметін дамыту қажет, кәсіпкерлердің ең үлкен проблемасы шикізаттармен материалдарды алу барысында олардың бағасы күнде жоғарылайды. Себебі мемлекет тарапынан бақылау жоқ. Кәсіпкерге төмен пайызда кредит берілуі керек. Төмен пайызда кредит беру бар, бірақ алу қиын. Көп балалы аналарға үй жағдайында кәсіп ашуға қолдау бар. Бірақ бақылау жоқ. Оларды біріктіріп, өндірген өнімдеріне мемлекет тарапынан сұранысты бақыласа яғни өнімін сатып алатын клиент тауып беріп отырса олар тез дамиды. Кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсеткенде ашықтықты қамтамасыз ету қажет. Әкімшілік тосқауылдарды шешу қажет.

Жоғарыда жүргізілген сауалнамалардың нәтижелері көрсеткендей біз алдағы уақытта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тұжырымдамасын түбегейлі қайта қарап, басымдықтарын нақтылауымыз қажеттігі аңғарылды. Шынында мемлекеттік қолдау тетіктері кемшін түсіп жатқаны айқын фактіге айналып келеді. Бұл назар аударарлық жайт.

Сондай-ақ, сауалнамада айтылған мәселелердің бірі кәсіпкерлердің ең үлкен проблемасы шикізаттармен материалдарды алу барысында олардың бағасы күнде жоғарылайды.

Мәселеге қатысты келесідей ұсыным ұсынылады. Мысалы елішілік құндылықты қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі үздіксіз өндірісті қамтамасыз ететін жеткілікті шикізат ресурстарымен қамтамасыз ету болып табылады. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар елде бар болғанымен шикізаттың


қолжетімсіздігі мен тапшылығына тап болады, шикізатты шетелдік жеткізушілерден немесе делдалдардан сатып алу қажет, бұл өнімнің өзіндік құнын арттырады, қуаттың төмен пайдаланылуына (30%-дан 50%-ға дейін) әкеледі және соның салдарынан ішкі нарықты тауарлармен толтыру мүмкін емес.

Осы тосқауылды шешу үшін өнеркәсіпті ынталандыру жөніндегі уәкілетті органның не көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның қатысуымен жасалатын шикізатты (оның ішінде этан, пропан және бутанды) жеткізушілермен келісімдер шеңберінде жұмыс істеп тұрған өндірістік кәсіпорындарды қолайлы баға бойынша шикізаттың қажетті көлемімен қамтамасыз ету қажет.

Ал енді ресми статистикаға ойысайық. ҰКП Қазақстан өңірлерінде бизнес жүргізудің сыртқы және ішкі жағдайлары бойынша тұрақты негізде зерттеу жүргізеді және «Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингін қалыптастырады.

Рейтингтің негізгі мақсаты сауалнама және статистикалық деректер негізінде Қазақстан өңірлерінде бизнесті жүргізу шарттарын талдау және салыстыру сондай-ақ, бизнесті жүргізу үшін жағдайларды жақсарту жөнінде шешім қабылдау үшін мүмкіндік жасау болып табылады.


Сауалнама 17 облыс және 3 республикалық маңызы бар қалаларда 23 620 респонденттермен жүргізілген. Респонденттердің 68% өз бетінше бизнесті ашуды жоспарлап отыр. Өздігінен жаңа бизнесті ашуды жоспарлап отырғандардың көп үлесі (87%) Жамбыл облысына тиесілі.



12-сурет- Респонденттер көбінесе 3 салада бизнес ашуды жоспарлап отыр

Ескертпе- сауалнама-«Атамекен» ҚР ҰКП-ның деректеріне сәйкес автормен құрастырылған


Мемлекеттік қолдау бағдарламаларына респонденттердің 3/1 бөлігі ғана қатысқан. Осындай бағдарламаларға қатысқан респонденттердің көп үлесі Түркістан облысына (60%) тиесілі.



13-сурет-Респонденттердің сыртқы қарыз/несие бойынша қаражатты қандай мақсаттарға жұмсалғаны немесе жоспарланғандығы туралы жауаптары.

Ескертпе- сауалнама-«Атамекен» ҚР ҰКП-ның деректеріне сәйкес автормен құрастырылған

Кәсіпкерлер қарыз қаражатын негізінен бизнесті кеңейтуге жұмсады немесе жоспарлайды (35%). Респонденттердің көпшілігі қарыз қаражаты есебінен қызметкерлердің біліктілігін арттырмайды (5%).



14-сурет-Респонденттердің жеңілдетілген несиелер/мемлекеттік инвестициялар/гранттар/субсидиялар алу кезінде қандай проблемаларға тап болғандығы туралы жауаптары.

Ескертпе- сауалнама-«Атамекен» ҚР ҰКП-ның деректеріне сәйкес автормен құрастырылған

Респонденттердің 25% бюрократияны көрсеткен, ал 21,5% өтініш пен басқа құжаттарды қарау мерзімінің ұзақтығын көрсеткен.

Сондай-ақ респонденттердің әкімшілік тосқауылды шешу қажет деген ұсыныстары білдірілді.

Жоғарыдағы диаграммадағы сауалнама нәтижесі көрсетіп отырғандай бюрократия, талап етілетін құжаттардың көптігі алға тартады. Расында әкімшілік тосқауылдардың болуы ШОБ-тің дамуына елеулі кедергісін тигізуде. ШОБ-ті ынталандыру мақсатында кәсіпкерлер үшін ресімдеудің барлық рәсімдерін барынша жеңілдету, өтініш беру процесін цифрландыру және оны ашық ету, сондай-ақ «Бір терезе» қағидатын жасау қажеттігін тағы да атап өткіміз келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жобада зерттеу тақырыбы аясындағы өзекті мәселелер көрсетіліп, Астана қаласы мысалында кәсіпкерлікті дамыту тетігін жетілдіру үшін тәжірибелік ұсынымдар ұсынылды. Ұсынымдарды әзірлеу мақсатында біршама жұмыстар атқарылды.

1. Кәсіпкерліктің әлемдегі жай-күйі мен алдыңғы қатардағы халықаралық тәжірибеге шолу жасалды. Олар Doing Business-тің бизнесті жүргізудің қолайлы жағдайлары бойынша талдауына сәйкес 190 елдің ішінде алдыңғы орындарға иеленген АҚШ-ры, Литва, Қытай мемлекеттері қаралды. Осылайша мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан шаралар мен жеке сектордың қатысуымен жүзеге асырылып жатқан бастамалардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін айқындауға қол жеткізілді.

Осы арада, кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсеткенде ашықтықты қамтамасыз ету қажет деген ұсыныстар айтылған. Мәселен, Литваның цифрландырылған «Бір терезе» қағидатында жұмыс жасайтын «INVESTICIJU ir verslo garantijos» (INVEGA) ұйымының қызметін Қазақстанға енгізудің маңыздылығын тағыда атап өткіміз келеді.

Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнеске үлестіретін гранттар, субсидиялар (ауыл шаруашылық субсидиялары) және т.б. қаржылай және қаржылай емес көмектерді бірнеше мекемелер қатар жүргізеді. Бұл кәсіпкерлер үшін ғана емес бизнес жасауға ынтасы бар қарапайым азаматтар үшін де айтарлықтай ақпараттық кедергілер туғызады. Мәселен, Литва мемлекетінде осы бағыттағы барлық қызмет көрсету операцияларын бір ғана INVEGA Ұлттық жылжыту мекемесі айналысады.

INVEGA платформасы кәсіпкерлерге қызмет көрсетуі адами факторлардың қатысуынсыз ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Бұл қағидат сыбайлас жемқорлықты алдын алады және әкімшілік тосқауылдың төмендеуіне әсер етеді.

Сондай-ақ, осы платформада кәсіпкерлерді қолдауға арналған барлық бағдарламалар, нормативтік-құқықтық актілер, хабарландырулар, оқу курстары, жеңілдіктер және т.б. бизнеске қатысты барлық ақпарат пен деректер қамтылған. Бұл кәсіпкерлер мен кәсіпті бастайтын тұлғаларға маңызды баспалдақ.

Қазіргі таңда республика бойынша кәсіпкерлерге қаржылық емес көмек көрсету бағытында бірнеше ұйымдар айналысатындығы анықталып отыр. «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы, «Даму» Қорына қарасты кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары (КҚКО) және әкімдіктердің Инвестиция және бизнесті дамыту басқармалары.

Бұл бір қызметті бір платформадан емес, бірнеше платформадан көрсететінің дәлелі, яғни ұйымдардың бір-бірінің қызметтерін қайталайтындығын көрсетеді.

2024 жылы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын «бір терезе» қағидаты бойынша ұсыну қажет, бейінді қаржы институттарының қызметтерін біріктірген жөн екендігін атап өткен. Аграрлық-кредиттік корпорацияның әлеуетін күшейту және оған ауыл шаруашылығын субсидиялау жөніндегі әкімдіктердің функцияларын беру қажет. Ол үшін бір цифрлық платформа аясында АӨК субъектілерін жеңілдетілген несиелеу және субсидиялау қызметтерін біріктіру қажет деген болатын.

Бұдан басқа, «Атамекен» ҚР ҰКП-ның сауалнамасында респонденттердің әрбір екіншісі кәсіпкерлік мәселелері бойынша ақпараттық-консультациялық орталықтарға деген жоғары қажеттілікті атап өткен.

2. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында ШОБ-ты дамытудың қаржылық және қаржылық емес тетіктерін қалыптастыру бойынша орасан зор жұмыс атқарылды: институционалдық орта құрылды, бұл ретте кәсіпкерлікке қатысты нормативтік-құқықтық база үнемі жетілдіріліп отырады және бизнес бұл процесте өз бетінше маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары құрылып жоба басталғаннан бері (соның ішінде «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы) 31.12.2023 жылға дейін 6 120 жоба бойынша шарттарға қол қойылып 533 837,1 млн. теңге сомасы субсидияларға, кредиттерге, гранттарға, өндірістік инфрақұрылымдарға берілді.

Алайда, 2023 жылы қыркүйек айында Ұлттық жоба басқа жобалармен бірге әрекет ету күшін тоқтатты.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес көптеген ішаралар атқарылып жатыр.

Аталған бағыт шеңберінде ШОБ-тың жалпы ішкі өнімдегі үлесін 2030 жылға дейін кемінде екі есеге өсіру, кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру,

әкімшілік бөгеттерді азайту, салық саясатын, бәсекелестікті дамыту мен монополияларды шектеуді, мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқартуды, әкімшілік жүктемені төмендетуді және бизнесті жүргізудің реттеушілік нормаларын жұмсартуды қоса алғанда, тұтастай кәсіпкерлікті дамыту үшін жалпы қолайлы жағдайлар жасау және басқалары пайымдалған.

3. Бүгінгі күні республиканың өзге өңірлерімен салыстырғанда ШОБ-тың негізгі көрсеткіштері бойынша Астана қаласында оң динамика қалыптасқаны анықталды. ШОБ-тың ЖӨӨ-дегі үлесін 50%-ға жеткізу туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын алғаш болып Астана қаласы орындаған. Бүгінгі күні ШОБ-тың қала экономикасына әсері дамыған мемлекеттердің деңгейіне дейін жеткен.

Бұдан басқа, ШОБ-тың даму ахуалын сипаттайтын өзге де негізгі статистикалық көрсеткіштер бойынша үдемелі өсу қарқыны байқалуда.

2022 жылдың қортындысы бойынша қызмет етуші ШОБ субъектілерінің жалпы тіркелгендер көлеміндегі үлесі 2018 жылмен салыстырғанда 76,9%-дан 88%-ға дейін өскен.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ШОБ субъектілерінде жұмыспен қамтылғандар саны 489 593 адамды құрап, 2012 жылдан бері (161 893 адам) 3 есе өсті.

Сондай-ақ ұлттық экономиканың ең серпінді және сұранысқа ие салаларының бірі болып табылатын саудаға толығырақ талдау жасалды. Сондай-ақ сауалнамаға сәйкес көше саудасына және шикізаттың қолжетімсіздігіне қатысты ұсынымдар ұсынылды.

Астана қаласы аумақтық құрылым ретінде сыртқы және ішкі ресурстардың шоғырлануына байланысты экономикалық дамудың жоғары динамизімен ерекшеленетіні анықталды. Астананың басқа қалаларға қарағанда артықшылықтары мен күшті жақтары аталды.

Осыған қарамастан ҰКП-ның «Іскерлі ахуал» атты тәуелсіз рейтингінде кейбір көрсеткіші бойынша Астана қаласы әлі де төменгі позицияда тұрғанындары аталды.

Астананың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, Астанада «brain gain» (зияткерлік капиталдың өсуіне жағдай жасау) тенденциясын жасау қажеттілігі ұсынылды.

Кәсіпкерлерді Астанаға тарту үшін Астана қаласының аумағында кәсіпкерлік жүргізетін тұлғаларға арнайы жеңілдетілген салық режимін орнату, Астана қаласының аумағынан Астана индустриялық аймағын құру, осы қаладағы кәсіпкерлердің жеңілдетілген несиелер алуға мүмкіндіктері көбірек болу, кәсіпкерлік нысандарын салуға ниет білдірген тұлғаларға жергілікті атқарушы орган инфрақұрылымды қолдауды күшейту қажеттігі ұсынылды.

Сонымен қатар бизнеске қарапайым және ыңғайлы кіру, бизнестен шығуды жазаламайтын бизнесті дамыту үшін жағдайлар мен ынталандырулар сияқты оңтайлы теңгерім қамтамасыз етілуі жалғасуы тиіс.

Ашықтықты қамтамасыз ету және бюрократияның шешімдер қабылдауға тікелей ықпалын болдырмау үшін кәсіпкерлерге ақша бөлу мемлекет тарапынан бизнесті тексеру сияқты мемлекет пен бизнес арасындағы

байланысты цифрлық форматқа жаппай көшіру бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Ашық және болжамды нарықтарды сақтау, сондай-ақ жалпы қолайлы бизнес ортасын құруға ықпал ету қажетті жаңа инвестицияларды ынталандыру үшін өте маңызды болады.

Ең алдымен, тұтынушы үшін отандық тауарлар мен қызметтерді әділ бағамен және жоғары сапада сатып алу бойынша оның қажеттіліктерін қанағаттандыратын қолайлы орта қалыптастырылуы тиіс. Ол үшін ішкі сауда саясаты әртүрлі сауда форматтарын дамытуға, заманауи көтерме сауда байланысын және қолайлы тұтынушылық ортаны құру үшін сауда инфрақұрылымын дамытуға бағытталуы керек.

Қорытындылай келе, аталған шаралар өз деңгейінде жүзеге асырылған жағдайда, халық шаруашылығы дамып, жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны ұлғаяып, әлеуметтік проблемалары жақсарады. Бұл өз кезегінде Қазақстан экономикасының дамуында кәсіпкерлік фирмалардың қарқынды жұмыс істеуінің негізгі нәтижелері болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

- [1] Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы <https://primeminister.kz/news/biyl-60-mynga-zhuyk-biznes-zhoba-memlekettik-koldau-alady-27146> жүгінген күні 30.01. 2024
- [2] Дональд Ф. Куратко Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика Jose Ernesto Amoros and Niels Bosma. Global Entrepreneurship Monitor: Global Report. Global Entrepreneurship Research Association (GERA). 2014 55-57 бет.
- [3] Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты <https://a> Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-viii-saylangan-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluynda-soylegen-sozi-2922539
- [4] «Ғылым және білім интеграциясы» «Janadel» халықаралық ғылым, бәләм және заң орталығы электрондық журналында жарияланды https://drive.google.com/file/d/1yCrHVApDJ8Pijpz2N90HDo5r2_diawyw/view Жарияланған күні: Ақпан 2024 53-61 бет.
- [5] Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>. Жүгінген күні: 15.01.2023
- [6] Ричард Кантиллон: Экономикалық Теорияның Ізашары Anthony Brewer. Richard Cantillon. Pioneer of economic theory. – London, 1992. – 26-35 б.
- [7] Шумпетер, Й. Теория экономического развития: исследование предпринимательской прибыли, капитала, кредита, процента и цикла конъюнктуры / Й. Шумпетер; Пер. В.С. Автономов, М.С. Любский, А.Ю. Чепуренко. – Москва: Прогресс, 1982. – 456 с.
- [8] Melissa S. Cardon, Charlene Zietsma, Patrick Saporito, Brett P. Matherne, and Carolyn Davis, «A Tale of Passion, New Insights into Entrepreneurship from a Parenthood Metaphor», *Journal of Business Venturing* 20, no. 1 (January 2005): 23-45; and Simon C. Parker, «Who Become Serial and Portfolio Entrepreneurs?» *Small Business Economics* 43, no. 4 (2014): 887-98.
- [9] Дональд Ф. Куратко Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика Donald F. Kuratko «Entrepreneurship theory. Process. Practice» 47 бет.
- [10] ФЕЛИКС ШАМХАЛОВ О государственной поддержке предпринимательства в России https://vasilievaa.narod.ru/18_2_98.htm
- [11] День микро-, малых и средних предприятий // Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми сайты. – URL: <https://www.un.org/ru/observances/micro-small-medium-businesses-day>. Жүгінген күні: 26.12.2022
- [12] Doing business 2020. The World Bank [Электронный ресурс]. <https://archive.doingbusiness.org/ru/rankings> URL: <https://www.doingbusiness.org/en/reports/global-reports/doing-business-2020>

(дата обращения 25 июля 2020).

[13] Калинин а. в. әлемдегі шағын және орта бизнестің дамуы мен жай-күйін талдау // Экономика, кәсіпкерлік және құқық. — 2011. — № 4. — с. 3-12. — <http://epp.enjournal.net/article/313/>

[14] Калинин а. в. әлемдегі шағын және орта бизнестің дамуы мен жай-күйін талдау // Экономика, кәсіпкерлік және құқық. — 2011. — № 4. — с. 3-12. — <http://epp.enjournal.net/article/313/>

[15] Развитие малого и среднего предпринимательства в Китае Гаглоева З.А. <http://www.vectoreconomy.ru/images/publications/2021/4/worldeconomy/Gagloeva.pdf>

[16] Инвега ұлттық басқару ұйымының ресми сайты <https://invega.lt/en/for-business/113>

[17] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>

[18] Eldala.kz ресми сайты <https://eldala.kz/novosti/kazahstan/18423-peredat-v-akk-mestnye-subsidii-predlozhit-tokaev> жарияланған күні 07.02.2024

[19] «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының ресми сайты <https://damu.kz/o-fonde/o-nas/zadachi-missiya-videnie>, <https://www.kdb.kz/bank/about-us/>

[20] Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>. Жүгінген күні: 15.01.2023

[21] Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250>

[22] Ұлттық статистика бюросы // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. – URL: <https://stat.gov.kz>. Жүгінген күні: 15.04.2023. <https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/publications/4992/>

[23] Қазақстан республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің мониторингі, Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/5120/> жарияланған күні 14.04.2023

[24] Қазақстан республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің мониторингі, Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/113817/> жарияланған күні 16.01.2024

[25]. Ішкі сауда статистикасы, Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/industries/economy/local-market/publications> Жариялау күні 12.01.2023

[26] Ішкі сауда статистикасы, Ұлттық статистика бюросы
<https://stat.gov.kz/industries/economy/local-market/> Жариялау күні 12.01.2023

[27] Независимый рейтинг Деловой климат - 2023 год «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
<https://atameken.kz/ru/services/29-issledovaniya-predprinimatel-skoj-sredy>

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдауды жетілдіру бойынша альтернативті шешімдер матрицасы

	Мәселені шешудің тиімділігі	Құны	Құқықтық аспектілері	Саяси еркіндік	Қоғамның қабылдауы	Уақыт шеңберлігі (Іске асыру жеңілдігі)	Қорытынды
Салмағы	5	4	5	4	5	4	
Қаржылық қолдау	4	3	3	3	5	3	
	20	12	15	12	25	12	96
Салмағы	5	4	5	4	5	4	
Инфрақұрылымдық қолдау	3	3	3	3	5	4	
	15	12	15	12	25	16	95
Салмағы	5	4	5	4	5	4	
Қаржылық емес қолдау	3	5	5	5	3	5	
	15	20	25	20	15	20	115

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдауды жетілдіру жөніндегі проблемаларды тиімді шешу үшін мен қаржылық қолдау нұсқасын таңдадым. Алайда, барлық параметрлер бойынша талдау кезінде мемлекет үшін ең тиімді нұсқа қаржылық емес қолдау болды. Бүгінде республикалық деңгейде "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына қаржылай емес қолдау көрсету бойынша функциялар бөлінген. Кәсіпкерлер палатасының өңірлік филиалдарының алаңдарында бухгалтерлік есеп жүргізу, салық салу, заңдық сүйемелдеу және т. б. мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетіледі.

Жалпы, кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау кешенді тәсілді талап ететінін атап өткен жөн. Осыған байланысты, қаржылық емес қолдау ең тиімді емес, мәселенің тиімді шешімінің бірі болып табылады. Сондықтан баламалы шешімдерді бағалау матрицалары бойынша проблемаларды шешудің тиімділігі бойынша қаржылық емес қолдау 3 балл алды, максималды шкала бойынша құны, өйткені бұл қаржылық қолдау мен инфрақұрылымдық қолдаудан айырмашылығы ең аз қаражатты қажет етеді. Саяси ерік-жігер мен құқықтық аспектілер де максималды. Қоғамның 3-ке қабылдауы, менің ойымша, көптеген кәсіпкерлер қаржылық қолдауға мүдделі. Уақыт-4 балл бұл да қаржылық қолдау мен инфрақұрылымдық қолдауға қарағанда жоғары.

Құрметті кәсіпкер!

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдауды жетілдіру мәселелері бойынша сауалнамаға қатысуыңызды сұраймыз.

Зерттеудің негізгі мақсаты - шағын және орта бизнестің қолданыстағы тетігінің ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ оны жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтау.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистрлік жобасын жазу шеңберінде жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелері ғылыми мақсаттар үшін, сондай-ақ кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар дайындау үшін жалпыланған түрде ғана пайдаланылатын болады.

Бұл сауалнама сіздің уақытыңыздың 10 минутын алады. Алынған деректердің анонимділігіне кепілдік беріледі. Сіздің пікіріңіз біз үшін өте маңызды!

Қатысқаныңыз үшін рақмет.

1. Сіздің ұйымыңыздың ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетіңіз:

- A) жеке кәсіпкер
- B) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- C) қоғамдық бірлестік
- D) қайырылымдық/қоғамдық қор
- E) өзге

2. Жынысыңызды көрсетіңіз (ұйымның құрылтайшысы):

- A) ер
- B) әйел

3. Жасыңызды көрсетіңіз (ұйымның құрылтайшысы):

- A) 35 жасқа дейін
- B) 36-50 жас
- C) 51 жас және одан жоғары

4. Ұйымды тіркеген сәттен бастап қызмет мерзімін көрсетіңіз:

- A) 3 жылға дейін
- B) 3-5 жыл
- C) 5 жыл және одан жоғары

5. Сіз қандай бизнес саласында жұмыс істейсіз (Сіздің ұйым)?

- A) өңдеу өнеркәсібі

- В) білім беру
- С) денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер
- Д) көтерме және бөлшек сауда
- Е) тұру және тамақтану қызметтері
- Ғ) өнер, ойын-сауық және демалыс
- Г) қызметтердің басқа түрлерін ұсыну
- Н) өзге

6. Сіздің ұйымыңыз шағын және орта бизнес субъектісінің қай санатына жатады?

- А) микро кәсіпкерлік (жұмысшылар 15-тен артық емес; кіріс 30 000 АЕК-тен төмен)
- В) шағын кәсіпкерлік (жұмысшылар 100-ден артық емес; кіріс 300 000 АЕК-тен төмен)
- С) среднее предпринимательство (жұмысшылар 100-ден артық, бірақ 250-ден кем; кіріс 300 000 АЕК-тен артық, бірақ 3 000 000 АЕК-тен кем).

7. Сіз шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы білесіз бе/естідіңіз бе?

- А) иә
- В) жоқ

8. Сіз кәсіпкер болып тіркелгеннен кейін қандай мемлекеттік қолдау түрін пайдаландыңыз?

- А) Қаржылық қолдау (жеңілдетілген несиелер, гранттар және т. б.)
- В) Қаржылық емес қолдау (кеңес беру, оқыту және т. б.)
- С) Инфрақұрылымдық қолдау (жалға берілетін үй-жай, инженерлік коммуникациялар және т. б.)
- Д) Салықтар бойынша преференциялар
- Е) Әлі жүгінген жоқпын
- Ғ) Ешқандай түрін пайдаланған жоқпын

9. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кәсіпкерлердің хабардарлық деңгейін қалай бағалайсыз?

- А) Жоғары
- В) Орташа
- С) Төмен

10. Алдағы 2-3 жылда бизнесіңізді кеңейтуді жоспарлап отырсыз ба?

- А) ия
- В) жоқ
- С) мүмкін

11. Егер Сіз 10 сұрақта «В» (Жоқ) нұсқасын таңдасаңыз, себебін жазыңыз

12. Сіздің ойыңызша, кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың көзделген шаралары жеткілікті ме?

- A) ия
- B) жоқ
- C) жауап беруге қиналамын

13. Егер Сіз 12 сұрақта «В» (Жоқ) нұсқасын таңдасаңыз, ұсыныстарыңызды жазыңыз: _____

14. Кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдауды жетілдіру бойынша ұсынысыңыз барма?

- A) ия
- B) жоқ
- C) жауап беруге қиналамын

15. Егер Сіз 14 сұрақта «А» (Ия) нұсқасын таңдасаңыз, ұсыныстарыңызды жазыңыз: _____

«Қазақстан Республикасында кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдауды жетілдіру» магистрлік жобасына аналитикалық жазба

Жоба (зерттеу) авторы: Боранбаев Е.И.
Ғылыми жетекшісі: Касымова Д.К.

Жоба (зерттеу) идеясы	Қазақстан Республикасында кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдауды жетілдіру
Проблемалық жағдай (кейс)	<p>Шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) кез келген елдің, оның ішінде жекелеген өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуында шешуші рөл атқарады.</p> <p>Мемлекет тарапынан ШОБ-ті қолдау және сүйемелдеу құралдары жыл сайын ішінара қайта қарастырылып, оңтайландырылуда. Нәтижесінде экономикадағы ШОБ-тың әлеуеті артып келеді. Алайда ол өте баяу. Өйткені, ШОБ кей елдерде жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі-ЖІӨ) 50-60 пайызына дейінгі үлесін иеленетінін ескерсек, өкінішке қарай біздің елімізде бұл көрсеткіш бар жоғы 36,5% құрап отыр[1].</p> <p>Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде шағын және орта кәсіпкерлік экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күші болуға тиіс екенін атап өтті. Оған қоса Президент ШОБ-тің жекелеген өңірлерде жүйесіз дамып келе жатқанын, сондай-ақ, кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ШОБ-ты қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасын әзірлеу қажеттігін айтты [2].</p> <p>Сол себепті кәсіпкерлікті жетілдіру бойынша орын алып отырған мәселелерді зерттеу себептері келесідей:</p> <p>Біріншіден, ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі №250 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға</p>

	<p>дейінгі тұжырымдамасы қабылданған.</p> <p>Алайда, біздің пікірімізше кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің бірыңғай офісі ("Бизнеске арналған үкімет") қағидаты бойынша мемлекет пен бизнестің жаңа өзара іс-қимыл форматын енгізу кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр.</p> <p>Мәселен, ҚР шағын және орта бизнеске үлестіретін гранттар, субсидиялар (ауыл шаруашылық субсидиялары) және т.б. қаржылай және қаржылай емес көмектерді бірнеше мекемелер қатар жүргізеді. Бұл кәсіпкерлер үшін ғана емес бизнес жасауға ынтасы бар қарапайым азаматтар үшін де айтарлықтай ақпараттық кедергілер туғызады.</p> <p>Екіншіден, «Атамекен» ҰКП Қазақстан өңірлерінде бизнес жүргізудің сыртқы және ішкі жағдайлары бойынша тұрақты негізде зерттеу жүргізеді және "Іскерлік ахуал" тәуелсіз рейтингін қалыптастырады [4]. Осы рейтингтің кейбір көрсеткіштері бойынша Астана қаласы әлі де төменгі позицияда тұрғанын байқауға болады. Мысалы: тіркелген ШОБ санының өсу қарқыны бойынша Астана 17 облыс және республикалық маңызы бар қалалардың ішінде бар-жоғы 7-позицияны алып тұр. Сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілері санының өсу қарқыны бойынша 8- позицияны алып отыр. Бұдан басқа шағын, орта кәсіпорындардың негізгі капиталына нақты мәндегі инвестициялардың өсу қарқыны бойынша 6-орында. ШОБ субъектілерінің нақты мәндегі өнім шығару санының өсу қарқыны бойынша 10-позицияда. Бұл төменгі көрсеткіштер өкінішке қарай Астана қаласының экономикалық әлеуетін әлі де толыққанды пайдалана алмай жатқандығымызды көрсетеді.</p>
<p>Аталмыш проблема бойынша қолданыстағы шешімдер</p>	<p>ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі №250 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы іске асырылуда.</p> <p>2024 жылғы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы «Мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын «бір терезе» қағидаты бойынша ұсыну қажет, бейінді қаржы институттарының қызметтерін біріктірген жөн екендігін атап өткен. Аграрлық-кредиттік корпорацияның әлеуетін күшейту және оған ауыл шаруашылығын субсидиялау жөніндегі әкімдіктердің функцияларын беру қажет. Ол үшін бір цифрлық платформа аясында АӨК субъектілерін жеңілдетілген несиелеу және</p>

	<p>субсидиялау қызметтерін біріктіру қажет» деді[2]. Дегенмен, бұл бағыттағы ұйымдастырушылық жұмыстар әлі де кешеуілдеп тұр.</p> <p>Оған қоса, қазіргі таңда Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы тарапынан «Астана кәсіпкерлігі» кәсіпкерлікті дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасының жобасы әзірленуде. Бұл жоба әлі де бекітілмеген. Алайда жоба аясында Астана қаласының экономикалық әлеуметін жан-жақты дамыту міндеттері межеленген.</p> <p>Артықшылықтар</p> <ul style="list-style-type: none"> - Президенттің бұл тапсырмалары нормативтік-құқықтық актілерде пайымдалған. - Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында осы саладағы барлық міндеттер қамтылған. <p>Кемшіліктер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тұжырымдамада белгіленген кезеңдік міндеттер, индикаторлар өз деңгейінде іске асырылмауда. - Кәсіпкерлікті қаржылық және қаржылық емес қолдау бағытындағы платформалардың көптігі.
<p>Аталмыш проблема бойынша ұсынылатын шешім</p>	<p>Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнеске үлестіретін гранттар, субсидиялар және т.б. қаржылай және қаржылай емес көмектерді бірнеше мекемелер қатар жүргізеді. Атап айтқанда, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, сондай-ақ әр облыстардағы Әкімдіктерге қарасты <i>Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары</i> және Ауылшаруашалық, Инвестиция және бизнесті дамыту басқармалары осы бағыттағы қызметтерді бір уақытта қатар атқарып келеді. Бұл кәсіпкерлер үшін ғана емес бизнес жасауға ынтасы бар қарапайым азаматтар үшін де айтарлықтай ақпараттық кедергілер туғызатыны жасырын емес. Мәселен, Литва мемлекетінде осы бағыттағы барлық қызмет көрсету операцияларын бір ғана «INVESTICIJU ir verslo garantijos» (бұдан әрі-INVEGA) - Ұлттық жылжыту мекемесі айналысады.</p> <p>INVEGA платформасы кәсіпкерлерге қызмет көрсетуі адами факторлардың қатысуынсыз ашықтық пен әділдікті</p>

қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Бұл қағидат сыбайлас жемқорлықты алдын алады және әкімшілік тосқауылдың төмендеуіне әсер етеді.

Сондай-ақ, осы платформада кәсіпкерлерді қолдауға арналған барлық бағдарламалар, нормативтік-құқықтық актілер, хабарландырулар, оқу курстары, жеңілдіктер және т.б. бизнеске қатысты барлық ақпарат пен деректер қамтылған. Бұл кәсіпкерлер мен кәсіпті бастайтын тұлғаларға маңызды баспалдақ.

Осындай «бір терезе» қағидатымен жұмыс жасайтын платформа Қазақстан үшін аса қажет. Бүгінгі күні елімізде «бір терезе» қағидатымен тек қаржылық емес қолдаулар жүзеге асырылады деп айтылады.

Сондай-ақ ұйымдардың көптігі қағидат сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін көбейтеді әкімшілік тосқауыл тудырады.

Мүмкіндіктер

1. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының интернет платформалары жақсы жетілдірілген. Нормативтік құқықтық-актілерге өзгерістер енгізіп осы платформаларды біріктіру бойынша әрі қарай жетілдіруге мүмкіншілік бар.

2. Астананың басқа қалаларға қарағанда бірқатар артықшылықтары мен мүмкіндіктері бар:

- (демография, халықтың өсуі, оның ішінде көші-қон жолымен;
- тез өтелетін құрылыс бизнесі;
- елорда тұрғындарының жоғары сатып алу қабілеті;
- жылдам дамып келе жатқан және тез төленетін инфрақұрылым;
- еңбекке қабілетті және экономикалық белсенді жас халықтың өсуі;
- астананың белгілі, тұрақты мәдени келбетін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі кеңсесінің орналасқан жері, ірі компаниялардың штаб-пәтерлерін Алматыдан Астанаға көшіру;

	<ul style="list-style-type: none"> • астанада білім беру сапасының әлемдік рейтингіне кіретін еліміздің ең мықты жоғары білім беру мекемелерін оқшаулау. <p>Астананың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, Астанада «brain gain» (зияткерлік капиталдың өсуіне жағдай жасау) тенденциясын жасау қажеттілігі ұсынылды.</p> <p>Ол үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Астана қаласының аумағында кәсіпкерлік жүргізетін тұлғаларға арнайы жеңілдетілген салық режимін орнату керек; - Осы қаладағы кәсіпкерлердің жеңілдетілген несиелер алуға мүмкіндіктері көбірек болу керек; - Осы қалада кәсіпкерлігін бастаған тұлғаларға (ШОБ) алғашқы 3 жылда салықтан босату керек; - Кәсіпкерлік нысандарын салуға ниет білдірген тұлғаларға жергілікті атқарушы орган инфрақұрылымдық қолдауды күшейту қажет. - Астана қаласының аумағынан Астана индустриялық аймағын құру. <p>Тәуекелдер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тиісті ұйымдардың ұсынылған ұсыныстарды енгізуге мүдделілігі төмен болуы мүмкін. - Заңға және өзгеде құқықтық-нормативтік актілерге тиісті өзгеріс енгізу процесінің ұзақтығы; - Индустриялық аймаққа жер тапшылығы.
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<p>1. Ұсынылған бірыңғай платформасы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етеді; - Жемқорлық тәуекелділігі азаяды және әкімшілік тосқауылдың төмендеуіне әсер етеді. - Кәсіпкерлерге қызмет көрсету тиімділігі артады; <p>2. Астананың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, Астанада «brain gain» тенденциясын жасау арқылы Астана қаласында кәсіпкерлерге қолайлы климат қалыптастыру және үлгілі экономикалық жоғары әлеует ошағы ретінде паш ету</p>
<p>Әдебиет</p>	<p>[1] Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы https://primeminister.kz/news/biyl-60-</p>

[mynga-zhuyk-biznes-zhoba-memlekettik-koldau-alady-27146](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-viii-saylangan-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluynda-soylegen-sozi-2922539)

жүгінген күні 30 Қаңтар 2024

[2] Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-viii-saylangan-parlamenttin-birinshi-sessiyasynyn-ashyluynda-soylegen-sozi-2922539> Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі

[3] Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250>

[4] [Независимый рейтинг Деловой климат - 2023 год](https://atameken.kz/ru/services/29-issledovaniya-predprinimatel-skoj-sredy) «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы <https://atameken.kz/ru/services/29-issledovaniya-predprinimatel-skoj-sredy>